

Басқарманың
21.09.2020ж. №3-0921-05 шешіміне
1-қосымша
Басқарманың 07.12.2020 жылғы
№3-1207-02 шешімімен өзгерістер
енгізілген

Приложение 2
к Решению Правления
№3-0921-05 21.09.2020 г.
Изменено Решением Правления
№3-1207-02 от 07.12.2020 г.

**БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ-та
«САТЫП АЛУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРЫСТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ» ӨНІМІ
БОЙЫНША КРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТТЫҢ
СТАНДАРТ ТАЛАПТАРЫ (Қосылу шарты)/
СТАНДАРТНЫЕ УСЛОВИЯ
ДОГОВОРА О ПРЕДОСТАВЛЕНИИ КРЕДИТОВАНИЯ ПО ПРОДУКТУ
«ФИНАНСИРОВАНИЕ ЗАКАЗА НА ЗАКУПКУ»
В АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ»
(Договор присоединения)**

1. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР	1. ОСНОВНЫЕ ПОНЯТИЯ И СОКРАЩЕНИЯ
Осы «Банк ЦентрКредит» АҚ-та «Сатып алуға арналған тапсырысты қаржыландыру» өнімі бойынша кредит беру туралы шарттың стандарт талаптарында (бұдан кейін – Қосылу шарты/Шарт) келесі мағынаға және мәнге/анықтамаға ие аббревиатура мен терминдер пайдаланылады:	В настоящих Стандартных условиях Договора о предоставлении кредитования по продукту «Финансирование заказа на закупку» в АО «Банк ЦентрКредит» (далее – Договор присоединения/Договор), используются следующие аббревиатуры и термины, имеющие следующие смысл и значения/определения:
Банк – «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамы, оның тұтастай және жеке-жеке алғанда филиалдары/бөлімшелері/ жұмыскерлері.	Банк – Акционерное общество «Банк ЦентрКредит» его филиалы/ подразделения/работники, вместе взятые и каждый в отдельности.
Деректер базасы – Клиент туралы УО-ға («Занды тұлғалар» мемлекеттік деректер базасы; Кредиттік бюролар; Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық; Қаржылық мониторинг комитеті; басқа) тиесілі дербес, кредиттік және өзге ақпарат тасымалдағыштар. Өтініштерге сәйкес Банк ақпаратты бір ақпарат көзінен (мысалы, Кредиттік бюродан, оның ішінде Мемлекеттің қатысуымен), ақпарат көзімен (жеткізушімен) жасалған сәйкес шарттың негізінде сәйкес электрондық немесе өзге алаң арқылы алуы мүмкін.	База данных – носители персональной, кредитной и иной информации о Клиенте, принадлежащие УО (Государственная База Данных Юридических Лиц; кредитные бюро; Государственный Центр Выплаты Пенсий; Комитет Финансового Мониторинга; другие). Согласно Заявлениям, информация может быть получена Банком из одного источника (например, кредитного бюро, в том числе с Государственным участием), через соответствующую электронную либо иную площадку, на основании соответствующего договора с данным источником (поставщиком) информации.
Сыйақы – Банк берген Қарыз («Сатып алуға арналған тапсырысты қаржыландыру» өнімі бойынша) үшін төленетін, Банкке тиесілі ақшаның жылдық мөлшері есебінен Қарыз	Вознаграждение – плата за предоставленный Банком Заем (по продукту «Финансирование заказа на закупку»), определенное в процентном выражении к

<p>сомасының пайызы түрінде белгіленген/Банктің тарифтерінде және (немесе) Өтініште көрсетілген төлем.</p>	<p>сумме Займа из расчета годового размера причитающихся Банку денег/Тарифами Банка и (или) Заявлением о присоединении.</p>
<p>Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі/СЖТМ – Қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін сенімді, жылдық, тиімді, салыстырмалы түрде (нақты құнын) есептеу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережелеріне сәйкес есептелген, Банк қызметтері бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы түрдегі сыйақы мөлшерлемесі.</p>	<p>Годовая эффективная ставка вознаграждения/ГЭСВ – ставка вознаграждения в достоверном, годовом, эффективном, сопоставимом исчислении, рассчитываемая в соответствии с Правилами НБРК об исчислении ставок вознаграждения в достоверном, годовом, эффективном, сопоставимом исчислении (реальной стоимости) по Займам.</p>
<p>Төлем жасау кестесі – Қосымша деп аталатын, кесте түрінде Шарт бойынша барлық алдағы төлемдерді қамтитын, Қарыз алушыға танысқаны жөнінде қол қойғызып берілетін, осы Шарт пен оған Қосылу туралы өтініштің ажырамас бөлігі.</p>	<p>График платежей – неотъемлемая часть настоящего Договора и Заявления о присоединении к нему, называемая Приложением, содержащая в форме таблицы все предстоящие платежи по Договору, выдаваемая Заемщику под подпись об ознакомлении.</p>
<p>Қолданыстағы заңнама/ҚР заңнамасы – ҚР-дың материалдық және процессуалдық құқығы (Реттеушінің қаулыларын қосқанда, ҚР-дың Тараптар орындауға міндетті заңнамалық, ведомстволық және басқа НҚА).</p>	<p>Действующее законодательство/законодательство РК – материальное и процессуальное право РК (законодательные, ведомственные и иные НПА РК, обязательные для исполнения Сторонами, включая постановления Регулятора).</p>
<p>Дефолт – негізгі борышты немесе ол бойынша сыйақыны қайтармау қаупінің туындауы; Қарыз алушының осы Қосылу шартының және оның Өтінішінің талаптарын орындамауы немесе тиісінше орындамауы, осылардың нәтижесінде Қарызды қайтармау қаупі, сондай-ақ банкроттық процедурасының басталуы немесе Қарыз алушының Банкке қабылданған міндеттерді орындау талаптарын алғашқы шарттармен салыстырғанда Банк үшін қолайлы емес талаптармен ұсынуы туындайды.</p>	<p>Дефолт – наступление угрозы невозврата основного долга или вознаграждения по нему; неисполнение или ненадлежащее исполнение Заемщиком условий настоящего Договора присоединения и Заявления к нему, в результате которых наступает угроза невозврата Займа, а также начало процедуры банкротства или предложение Заемщиком Банку условий выполнения принятых обязательств на условиях менее выгодных для Банка по сравнению с начальными.</p>
<p>Қамсыздандыру шарты – бұл Банк пен Қарыз алушының арасында жасалған кепілге беру шарттары/келісімдер, осыларға сәйкес Қарыз алушы аталған міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Банк осы Қосылу шарты мен оған жасалған Өтініш бойынша кепілге берілген мүліктен қанағат алуға құқылы.</p>	<p>Договор обеспечения – договоры залога / соглашения между Банком и Заемщиком, в силу которых, Банк по настоящему Договору присоединения и Заявления к нему имеет право в случае неисполнения Заемщиком этого обязательства получить удовлетворение из заложенного имущества.</p>
<p>Борышкер – осы Қосылу шартына немесе Қолданыстағы заңнамаға және Тараптардың және (немесе) үшінші тұлғалардың құқықтық қатынастарына сәйкес заңнамалық актіге/сот шешіміне немесе басқа да жағдайларға байланысты Банк алдында міндеттемелері туындаған/туындауы мүмкін Қарыз алушы.</p>	<p>Должник – Заемщик, у которого возникло/может возникнуть обязательство перед Банком в силу настоящего Договора присоединения, либо в силу законодательного акта/решения суда, либо в силу иных обстоятельств согласно Действующему законодательству и</p>

	правоотношениям Сторон и(или) третьих лиц.
Қашықтан банктік қызмет көрсету – сәйкестендіру және түпнұсқаландыру және/немесе растау кодтарын анықтау құралдарын пайдаланумен осы шарт және/немесе осы шарт бойынша операция жүргізу және/немесе ақпарат беру және/немесе банктің call center орталығы және (немесе) www.bcc.kz мекенжайы бойынша банктің интернет-ресурсы және/немесе ИБЖ және/немесе интернеттегі басқа да қызмет көрсету арналары (оған қоса электронды пошта) және/немесе ұялы байланыс (SMS хабарламаларын қосқанда) арқылы осы шарттың аясында өтініштерді өндеу.	Дистанционное банковское обслуживание – совершение операций и /или предоставление информации по Договору и/или обработка заявок в рамках Договора через Call-Center Банка и/или сайт Банка www.bcc.kz в Интернет, и /или другие каналы обслуживания в Интернет (включая электронную почту) и/или каналы сотовой связи (включая SMS-сообщения) с использованием средств идентификации и аутентификации и/или определения кодов подтверждения.
Қарыз/Мерзімді қарыз/Сатып алуға арналған тапсырысты қаржыландыруға берілетін қарыз – осы Қосылу шартының аясында белгіленген талаптармен Банк Қарыз алушыға ұсынатын қаржы ресурстары.	Заем/Срочный заем/Заем на финансирование заказа на закупку – финансовые ресурсы, предоставляемые Банком Заемщику на условиях, определенных в рамках настоящего Договора присоединения.
Қарыз алушы/Клиент – «Сатып алуға арналған тапсырысты қаржыландыру» өнімі бойынша Қосылу шартының аясында Банпен қаржыландыру туралы мәміле жасасқан, осы Қосылу шарты бойынша қарыз алған/қарыз алатын және қарыз бойынша негізгі борышты қайтару және сыйақыны, тұрақсыздық айыбы мен басқа да төлемдерді төлеу бойынша Банк алдында өзіне міндеттеме қабылдаған/ қабылдайтын заңды тұлға/жеке кәсіпкер.	Заемщик/Клиент – юридическое лицо/индивидуальный предприниматель, получившие/получающие заем и принявшие/принимающие на себя обязательства по возврату основного долга по займу и полную оплату вознаграждения, неустойки и других платежей по настоящему Договору присоединения перед Банком, заключившие сделку с Банком на финансирование в рамках Договора присоединения по продукту «Финансирование заказа на закупку».
Қосылу туралы өтініш – Банк белгілеген нысанда жасалған, Қарыз алушы қол қоятын, Банк пен Қарыз алушы/Клиент арасында жасалған мәмілені (келісімді) білдіретін осы Қосылу шартының аясындағы «Сатып алуға арналған тапсырысты қаржыландыру» өнімі бойынша кредит берудің ерекше тәртібі мен талаптарын белгілейтін, сондай-ақ келесі дәлелдерді:	Заявление о присоединении – документ, установленной Банком формы: подписываемый Заемщиком, устанавливающий особый порядок и условия кредитования по продукту «Финансирование заказа на закупку» в рамках настоящего Договора присоединения, представляющий собой сделку (договоренность) между Банком и Заемщиком/Клиентом, и подтверждающий факты:
- Қарыз алушының «Банк ЦентрКредит» АҚ-та «Сатып алуға арналған тапсырысты қаржыландыру» өнімі бойынша кредит беру туралы шарттың стандарт талаптарын толық қабылдағанын;	- принятия Заемщиком Стандартных условий Договора о предоставлении кредитования по продукту «Финансирование заказа на закупку» в АО «Банк ЦентрКредит», в целом;
- Қарыз алушының осы Қосылу шартын	- заключения Заемщиком настоящего

<p>жасағанын;</p> <p>- Банк пен Деректер базасының иелері, сонымен қатар Қарыз алушыға Банктің өнімдерін ұсыну және кешенді қызмет көрсету мақсатында Банкпен азаматтық-құқықтық қатынастарға түсетін басқа тұлғалар арасында Қарыз алушы туралы ақпарат/құжаттар және мәліметтер алмасуға, оның ішінде болашақта Қарыз алушы туралы ақпарат/құжаттар және мәліметтер алмасуға Қарыз алушының өзінің сөзсіз келісімдерін (бұдан әрі Шарт бойынша «Келісім»/«Келісімдер») бергенін растайтын құжат.</p>	<p>Договора присоединения;</p> <p>- предоставления Заемщиком его безусловных согласий (далее в Договоре именуются как «Согласие»/«Согласия») на обмен информацией/документами и сведениями о Заемщике – между Банком и владельцами Базы данных, а также иными лицами, с которыми Банк вступает в гражданско-правовые отношения в целях предоставления/оказания Заемщику комплекса банковских Продуктов, в том числе – обмен информацией/ документами и сведениями о Заемщике - в будущем.</p>
<p>Егер Қолданыстағы заңнама бойынша басқасына рұқсат берілмесе, Қосылу туралы өтініште Банк пен Кредиттік бюро арасында өзі туралы мәліметтермен алмасуға Қарыз алушының келісімі көрсетілсе, онда осындай Өтініш міндетті түрде қағаз/электрондық тасымалдағышта ресімделеді және белгіленген мерзім ішінде Банкте сақталады.</p>	<p>Если иное не разрешено Действующим законодательством, Заявление о присоединении, содержащее согласия Заемщика на обмен сведениями о нем между Банком и кредитными бюро, в обязательном порядке оформляется на бумажном/электронном носителе и хранится в Банке в установленные сроки.</p>
<p>Сатып алуға арналған тапсырыс – Якорлық клиенттің Жеткізушіден тауар, өнім немесе қызмет алу туралы расталған тапсырысы.</p>	<p>Заказ на закупку – подтвержденный Якорным клиентом заказ на получение от Поставщика товара, продукции, либо услуг.</p>
<p>Банктер туралы заң – «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР заңы.</p>	<p>Закон о банках – Закон РК «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан».</p>
<p>Өтініштер туралы заң – «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР заңы.</p>	<p>Закон об обращениях - Закон РК «О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц».</p>
<p>Ақпараттық банктік қызметтер – Банктің Қарыз алушыға/Клиентке өзінің/оның банктік шотына қол жеткізу құқығын, оның шотындағы ақша қалдығы мен ақша қозғалысы туралы, жүргізілген төлемдер мен ақша аударымдары туралы, сондай-ақ көрсетілетін басқа банктік қызметтер туралы ақпаратты ұсынуға байланысты немесе осындай ақпаратты не олардың сұрауы бойынша немесе Тараптардың келісімі бойынша басқа ақпаратты (анықтамалар, Үзінді көшірмелер) ұсынуға байланысты электрондық банктік қызметтер.</p>	<p>Информационные банковские Услуги – электронные банковские Услуги, связанные с предоставлением Банком Заемщику/Клиенту доступа к своему/его банковскому Счету, информации об остатках и движениях денег по его Счету, о проведенных платежах и переводах денег, и иных предоставляемых банковских Услугах, либо вытекающих из их предоставления или иной информации (справки, Выписки) по их запросам либо по соглашению Сторон.</p>
<p>Интернет-платформа – Қарыз алушының/Клиенттің Банктің бөлімшелеріне келуін қажет етпейтін Қарыз алушыларға/Клиенттерге қашықтан банктік қызмет көрсетуге арналған жүйе. Қарыз алушы/Клиент шоттарды Интернет желісі арқылы Online – нақты уақыт режимінде өзіне</p>	<p>Интернет-платформа – система дистанционного банковского обслуживания Заемщиков/Клиентов, не требующая посещения Заемщиком/Клиентом подразделений Банка. Управление счетами производится в режиме реального времени – Online через сеть Интернет, в удобное для</p>

<p>ыңғайлы уақытта басқарады. Интернет-платформа Банк Қарыз алушыға/Клиентке Өнімдер мен Қызметтерді ұсынған кезде құжаттар, хабарландырулар, хабарламалар алмасу үшін қолданылады.</p>	<p>Заемщика/Клиента время. Интернет-платформа используется для обмена документами, уведомлениями, сообщениями при предоставлении Банком Заемщику/Клиенту Продуктов и Услуг.</p>
<p>Байланыс арнасы – Қосылу шарты қолданыста болатын кезеңде қолданылатын, Банк белгілеген талаптармен және тәртіппен пайдаланылатын Банк пен Клиент арасындағы ақпарат беру құралдары, мысалы: электрондық пошта (email), пошта байланысы, «StarBusiness» жүйесі, ИБЖ, телебанкинг, факс, банкомат, терминал; Банктің сайтындағы хабарлама, Банктің әлеуметтік желідегі ресми парағы.</p>	<p>Канал связи – средства передачи информации между Банком и Клиентом, такие как: электронная почта (e-mail), почтовая связь, система «StarBusiness», СИБ, телебанкинг, факс, Банкомат, Терминал; сообщение на сайте Банка, официальной странице Банка в социальной сети, - используемые на условиях и в порядке, определяемых Банком, и используемых в период действия Договора присоединения.</p>
<p>Комиссия – «Сатып алуға арналған тапсырысты қаржыландыру» өнімі бойынша Қарыз/Қарыздар бергені және оларға қызмет көрсеткені үшін және/немесе басқа ілеспе қызметтер үшін Банк Қарыз алушыға/Клиентке есептеген комиссия.</p>	<p>Комиссия – комиссия, начисленная Банком Заемщику/Клиенту за предоставление и обслуживание Займа/Займов по продукту «Финансирование заказа на закупку», и/или за другие сопутствующие услуги.</p>
<p>Кешенді қызмет көрсету – бір осы Қосылу шартының аясында Банктің Қарыз алушыға «Сатып алуға арналған тапсырысты қаржыландыру» өнімі бойынша қарыздарды ұсынуы, осы ретте Қосылу туралы өтініш берген кезде, Банк Қарыз алушыға/Клиентке банктік шоттар ашады және Қосылу шартының аясында қарыздарды ұсынған кезде толық, сондай-ақ тоғыспалы қызмет көрсетуді жүзеге асырады.</p>	<p>Комплексное обслуживание – предоставление Банком Заемщику займов по продукту «Финансирование заказа на закупку» в рамках одного настоящего Договора присоединения, когда при подаче Заявления о присоединении, Банк открывает Заемщику/Клиенту банковские счета, и осуществляет полное и перекрестное обслуживание при предоставлении займов в рамках настоящего Договора присоединения.</p>
<p>Кросс-дефолт – Қарыз алушы тартылған сот процестері, Қарыз алушының кез келген кредитор алдындағы өз міндеттемелерін бұзуы немесе Банктің негізді пікірі бойынша Қарыз алушыға Қарыз берген күнгі Банк алдындағы міндеттемелері сомасының 10%-нан немесе соңғы тоқсандық қаржылық есептілікке (баланс), соған қоса өзінің шоғырландырылған есебіне, сондай-ақ барлық үлестес компаниялары бойынша шоғырландырылған есептілігіне сәйкес жарғылық капитал сомасының 25%-нан асатын мөлшерде материалдық залал тигізуі мүмкін басқа жағдай немесе оқиға. Осы ретте ең төменгі көрсеткіш қолданылады.</p>	<p>Кросс-дефолт – судебные процессы, в которые вовлечен Заемщик, нарушения Заемщиком своих обязательств перед любыми кредиторами или иное обстоятельство или событие, которое по обоснованному мнению Банка, возможно нанесет материальный ущерб Заемщику, превышающий 10% от суммы обязательств перед Банком на дату представления Займа или 25% от суммы уставного капитала, согласно последней квартальной финансовой отчетности (баланс), в том числе по всем аффилированным компаниям, включая консолидированную отчетность. При этом применяется наименьший показатель.</p>
<p>Тұрақсыздық айыбы – Қарыз алушы Қосылу шартының талаптарын тиісті дәрежеде орындамаған кезде алынатын</p>	<p>Неустойка – штрафы, пени, подлежащие выплате Заемщиком при ненадлежащем исполнении условий Договора</p>

айыппұл, өсімпұл; Осы Шартта және/немесе Қосылу туралы өтініште белгіленеді.	присоединения; устанавливаются настоящим Договором и/или Заявлением о присоединении.
ҚРҰБ/Реттеуші – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесі.	НБРК/Регулятор - Республиканское государственное учреждение Национальный Банк Республики Казахстан.
ҚР НҚА – ҚР нормативтік құқықтық актілері.	НПА РК – нормативные правовые акты РК.
ЭҚЖЖ – техникалық реттеу және метрология бойынша уәкілетті орган бекіткен экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші.	ОКЭД - Общий классификатор видов экономической деятельности, утвержденный уполномоченным органом по техническому регулированию и метрологии.
Қарыз бойынша борыштың жалпы сомасы – Қарыз алушының Қарызға қатысты негізгі борыш, сыйақы бойынша, Клиенттің Қосылу шартына, Кредиттеу лимитін белгілеу туралы келісімге, Қосылу туралы өтінішке (өтініштерге) қатысты тұрақсыздық айыбы, комиссиялар, шығасылар мен өзге міндеттемелер бойынша берешек сомасы.	Общая сумма долга по займу – сумма задолженности Заемщика по основному долгу, вознаграждению по Займу, неустойкам, комиссиям, издержкам и иным обязательствам Клиента по Договору присоединения, Соглашению об установлении лимита кредитования, Заявлению (-ям) о присоединении.
Оператор – «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ.	Оператор - АО «Казахстанский фонд устойчивости».
Жеткізуші – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын және Якорлық клиентке тауар, өнім жеткізетін немесе қызмет көрсететін заңды тұлға/жеке кәсіпкер (Қарыз алушы/Клиент).	Поставщик – юридическое лицо / индивидуальный предприниматель (Заемщик/Клиент), осуществляющий предпринимательскую деятельность и поставляющий товары, продукцию либо услуги Якорному клиенту.
Бағдарлама – Ұлттық Банк Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы №39 Қаулысымен бекітілген Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы.	Программа - Программа льготного кредитования субъектов малого и среднего предпринимательства, утвержденная Постановлением Правления Национального Банка №39 от 19.03.2020 г.
ҚР – Қазақстан Республикасы.	РК – Республика Казахстан.
Интернет-банкинг жүйесі/Жүйе/ИБЖ – Клиенттің Банктің бөлімшелеріне келуін қажет етпейтін, Клиенттерге қашықтан банктік қызмет көрсетуге арналған жүйе. Клиент шоттарды Интернет желісі арқылы Online – нақты уақыт режимінде өзіне ыңғайлы уақытта басқарады.	Система Интернет-Банкинг/Система/СИБ – система дистанционного банковского обслуживания Клиентов, не требующая посещения Клиентом подразделений Банка. Управление счетами производится в режиме реального времени – Online через сеть Интернет, в удобное для Клиента время.
Шарттың стандарт талаптары – (жоғарыда, осы жерде және бұдан кейін) Банк пен Қарыз алушы/Клиент арасында бір жағынан Банк осы стандарт талаптарды әзірлеген және екінші жағынан Қарыз алушы Қосылу туралы өтінішке қол қойған және оны Банкке ұсынған сәтте Қарыз алушының/Клиенттің оларды тұтастай қабылдауы арқылы (қосылуы арқылы) жасалған Шарт (осы Шарт).	Стандартные условия договора – (выше, здесь и далее) это договор (настоящий договор) между Банком и Заемщиком/Клиентом, заключаемый путем разработки Банком настоящих стандартных условий, с одной Стороны, и принятия их Заемщиком/Клиентом (путем присоединения), в целом, в момент подписания и предоставления Банку Заявления о присоединении.
Тараптар – осы Қосылу шартының	Стороны – стороны настоящего Договора

<p>тараптары: бірге алғанда Банк және Клиент/Қарыз алушы, жеке-жеке – «Тарап».</p>	<p>присоединения: Банк и Заемщик/Клиент, вместе взятые; по отдельности - «Сторона».</p>
<p>Келісім – Банктің Қарыз алушы/Клиент туралы ақпаратты мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар мен органдарға ұсынуына (егер мұндай Келісімдер Қолданыстағы заңнамаға сәйкес талап етілетін болса), осындай ақпаратты жинауына, өңдеуіне, сақтауына және Банкке кредиттеу, Қарыз алушыға/ Клиентке өзге қызмет көрсету бойынша қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге іс-әрекеттерді жүзеге асыруына Қарыз алушының/Клиенттің жазбаша мәлімдемесі/хабарламасы/келісімі. Қарыз алушының/ Клиенттің келісімінсіз кредит беруге және Қарыз алушыға/Клиентке өзге де қызметтерді көрсетуге тыйым салынады, өйткені бұған Қолданыстағы заңнамада тыйым салынған, ол жөнінде Қарыз алушы/Клиент хабардар болған және онымен сөзсіз келіседі. Келісім Банктің нысаны бойынша ресімделеді (оған қоса Қосылу туралы өтініште көрсетіледі); Қолданыстағы заңнаманың талаптарын есепке ала отырып, қағаз және (немесе) электрондық тасымалдағышта ұсынылады.</p>	<p>Согласие – письменное заверение/уведомление/согласие Заемщика/Клиента на предоставление Банком информации о нем в государственные и негосударственные организации и органы (если такие Соглашения требуются Действующим законодательством), на сбор, обработку, хранение такой информации и осуществление иных действий, необходимых Банку для осуществления его деятельности по кредитованию и иному дополнительному обслуживанию Заемщика/Клиента. Кредитование и иное обслуживание Заемщика/Клиента без получения от него Соглашения не допускается, поскольку это запрещено Действующим законодательством, с чем Заемщик/Клиент ознакомлен и безусловно согласен. Соглашение оформляется по форме Банка (в том числе может быть отражено в Заявлении о присоединении); может предоставляться на бумажном и (или) электронном носителе, с учетом требований Действующего законодательства.</p>
<p>Әлеуметтік мессенджер – смартфондар мен дербес компьютерлерге арналған, тез арада мәтіндік хабарламалар алмасуға, телефон қоңыраулары мен бейнеқоңыраулар жасауға мүмкіндік беретін әртүрлі бағдарламалар мен қосымшалардың түрлері (WatsApp, Viber, Telegram және т.б.).</p>	<p>Социальный мессенджер – различные виды программ и приложений для смартфонов или персональных компьютеров, позволяющие мгновенно обмениваться текстовыми сообщениями, телефонными звонками и видеозвонками (WatsApp, Viber, Telegram и т.д.).</p>
<p>Банктің Скоринг жүйесі – Банктің Қарыз алушыларының кредит төлеуге қабілеттілігін (кредиттік тәуекелдерді) бағалайтын электрондық автоматты жүйе</p>	<p>Скоринг-система Банка - электронная автоматическая система оценки кредитоспособности (кредитных рисков) Заемщиков Банка.</p>
<p>Мерзімінен кешіктірілген берешек сомасы – Қарыз алушының қарызды қайтару мерзімін бұзуының нәтижесінде туындаған осы Қосылу шарты бойынша қаржыландырудың және есептелген сыйақының өтелмеген сомасы.</p>	<p>Сумма просроченной задолженности – непогашенная сумма финансирования по настоящему Договору о присоединении и начисленного вознаграждения, образовавшаяся в результате нарушения Заемщиком сроков возврата займа.</p>
<p>Тарифтер – Банктің комиссиясының/сыйақысының/«Сатып алуға арналған тапсырысты қаржыландыру» өнімі бойынша кредит беруге қатысты Банк көрсететін қызметтер бойынша сыйақының мөлшерін белгілейтін қолданыстағы Тарифтер. Тарифтерді Банктің уәкілетті органы бекітеді және ол www.bcc.kz электрондық мекенжайы</p>	<p>Тарифы – действующие Тарифы, определяющие размеры комиссий/вознаграждений Банка/вознаграждений по оказываемым Банком услугам по предоставлению кредита по продукту «Финансирование заказа на закупку». Предельные Тарифы утверждаются уполномоченным органом</p>

<p>бойынша Банктің веб-сайтында орналастырылады. Қосылу шартын жасау арқылы Қарыз алушы «Сатып алуға арналған тапсырысты қаржыландыру» өнімі бойынша кредит беруге белгіленген тарифтермен және www.bcc.kz интернет ресурсында жарияланған «Банк ЦентрКредит» АҚ-та операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы ережесімен танысқанын және онымен келісетінін растайды.</p>	<p>Банка и размещаются на веб-сайте Банка по электронному адресу: www.bcc.kz. Заключением Договора присоединения Заемщик подтверждает факт своего ознакомления и согласия с Тарифами Банка на кредитование по продукту «Финансирование заказа на закупку» и Правилами об общих условиях проведения операций АО «Банк ЦентрКредит», опубликованными на интернет-ресурсе www.bcc.kz.</p>
<p>Ағымдағы банктік шот/Шот – ақша қаражатын, соның ішінде Қосылу шартының аясында берілген/төленетін Транштарды есептеген, аударған, есептен шығарған кезде, Банктің Клиентке кешенді банктік қызмет көрсетуіне қажетті Клиенттің банктік шоты.</p>	<p>Текущий банковский счет/Счет – банковский счет Клиента, необходимый для комплексного банковского обслуживания Банком Клиента при зачислении, переводе, списании денежных средств, в том числе – Траншей, выданных/выплачиваемых в рамках Договора присоединения.</p>
<p>УО – Қолданыстағы заңнама бойынша қарыз алушы/Клиент туралы ақпаратты жинауға, сақтауға, таратуға, жоюға уәкілетті және Клиенттің келісімінің негізінде Банкке берілетін тиісті мәліметтер базасына ие уәкілетті мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен ұйымдар (ЖТДМБ, КБ, ЗТМО, ҚМК және т.б.).</p>	<p>УО – государственные и негосударственные органы и организации (ГБДФЛ, КБ, ГЦВП, КФМ и др.), уполномоченные Действующим законодательством на сбор, хранение, распространение, уничтожение информации о Заемщике/Клиенте, и имеющие соответствующие Базы данных, информация из которых предоставляется Банку на основании Согласия Клиента.</p>
<p>Банктің уәкілетті органы – Қарыз алушылардың кредит қабілеттілігі (кредиттік тәуекелдердің болуы) туралы шешім қабылдайтын Банктің уәкілетті органы.</p>	<p>Уполномоченный орган Банка – уполномоченный орган Банка, принимающий решение о кредитоспособности (наличии кредитных рисков) Заемщиков.</p>
<p>Электрондық цифрлық қолтаңба / ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электронды құжаттың шынайылығын, оның сол тұлғаға тиістілігі мен мазмұнының өзгермейтіндігін, сонымен қатар құжатты жолдаған тұлғаны анықтауды растайтын электрондық сандық белгілердің жиынтығы.</p>	<p>Электронная цифровая подпись/ЭЦП – набор электронных цифровых символов, созданный средствами электронной цифровой подписи и подтверждающий достоверность электронного документа, его принадлежность и неизменность содержания, а также установление лица, отправившего документ.</p>
<p>Якорлық клиент – Банктің корпоративтік клиенті, Қарыз алушыға/Клиентке кредит беру бойынша «Сатып алуға арналған тапсырысты қаржыландыру» өнімі бойынша ақша қаражаттарын алушы.</p>	<p>Якорный клиент – корпоративный клиент Банка, получатель товаров/ продукции / услуг по продукту кредитования Заемщика/Клиента «Финансирование заказа на закупку».</p>
<p>Банктің Call Center қызметі – Банктің Авторизациялауды жүзеге асыратын бөлімшесі және Клиенттерге/Қарыз алушыларға тәулік бойы қызмет көрсететін сервис-орталығы, Клиенттерге/Қарыз алушыларға телефон/e-mail/web/fax арқылы қызмет көрсететін Банктің «Операторлық</p>	<p>Call-центр Банка – подразделение Банка, производящее Авторизацию и Круглосуточный сервис-центр обслуживания Заемщиков/Клиентов, «Операторский центр» Банка, осуществляющий обслуживание Заемщиков/Клиентов по телефону/e-</p>

орталығы».	mail/web/fax.
Е-mail-хабарлама – Клиентке/Қарыз алушыға хабарландыру немесе ақпараттық сипаттағы белгілі мәтіні бар электронды хабарды өзінің электронды мекенжайына алуға мүмкіндік беретін қызмет.	Е-mail-уведомление – Услуга, позволяющая Заемщику/Клиенту получать электронные сообщения с определенным текстом уведомительного или информационного характера на адрес электронной почты.
Пайдаланушының ID – Клиентті/Қарыз алушыны сәйкестендіруші, Клиентті/Қарыз алушыны «StarBusiness» жүйесінде сәйкестендіретін белгілердің бірегей тәсілі, ол арқылы Клиент/Қарыз алушы кілтті құру және болашақта «StarBusiness» жүйесінде жұмыс істеу үшін «StarBusiness» жүйесіне кіруге рұқсат алады. Оны Банк құрады және Қабылдау-өткізу актісі бойынша Клиентке/Қарыз алушыға тапсырады.	ID пользователя – идентификатор Заемщика/Клиента, уникальная комбинация символов, идентифицирующая Заемщика/Клиента в системе «StarBusiness», с помощью которых Заемщик/Клиента получает доступ к системе «StarBusiness» для создания ключей и последующей работы с системой «StarBusiness». Создается Банком и передается Заемщику/Клиенту по Акту приёма-передачи.
IP-мекенжай (ағылшын тіліндегі Internet Protocol Address дегеннен қысқартылған) – жергілікті желіге немесе Интернетке қосылған құрылғының бірегей идентификаторы (мекенжайы).	IP-адрес (сокращение от англ. яз. Internet Protocol Address) - уникальный идентификатор (адрес) устройства, подключённого к локальной сети или Интернету.
PIN-код – Банктің қашықтан банктік қызмет көрсету жүйелерінде тіркеу кезінде қолданылатын Жеке Сәйкестендіру Коды, әріптер мен сандардан құралған символдардың бірізділігі.	PIN-код – Персональный Идентификационный Код, последовательность символов, состоящая из набора букв и цифр, который используется при регистрации в системах удаленного банковского обслуживания Банка.
Push-хабарлама – бұл қысқа қалқымалы хабарламалар, олар ұялы телефонның немесе әдеттегі компьютердің экранында пайда болады және маңызды оқиғалар мен жаңартулар туралы хабарлайды.	Push-уведомления – это краткие всплывающие уведомления, которые появляются на экране мобильного телефона или обычного компьютера и сообщают о важных событиях и обновлениях.
SMS-хабар – Клиенттің/Қарыз алушының мобильді телефонынан Банкке немесе мобильді байланыс операторы арқылы Клиенттің/Қарыз алушының мобильді телефонына жіберілетін мәтіндік хабарлама.	SMS-сообщение - текстовое сообщение, направляемое с мобильного телефона Заемщика/Клиента в Банк или Банком на мобильный телефон Заемщика/Клиента через оператора мобильной связи.
2. ЖАЛПЫ ҚАҒИДА	2. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ
1.1. Осы Қосылу туралы шарт Азаматтық кодекстің 389-бабының аясында әзірленген және ол Қарыз алушыны қаржыландырудың стандарт талаптарын қамтиды. Оның қағидалары Банк пен осы Шарттың талаптарына қосылған Қарыз алушылардың/Клиенттердің құқықтық қатынастарына қатысты қолданылады.	1.1. Настоящий Договор присоединения разработан в рамках статьи 389 Гражданского кодекса и содержит стандартные условия финансирования Заемщика, его действие распространяется на правоотношения Банка и Заемщиков/Клиентов, присоединившихся к условиям настоящего Договора.
1.2. Осы Қосылу шартының талаптарын Банк белгілеген және www.bcc.kz мекенжайы бойынша Банктің интернет ресурсында жарияланған. Қосылу шартын жасау үшін Қарыз алушы Банкпен БКБ-ның деректерді жинауы және алуы туралы келісім жасап,	1.2. Условия настоящего Договора присоединения определены Банком и опубликованы на Интернет-ресурсе Банка по адресу: www.bcc.kz . Для заключения Договора присоединения, Заемщик

<p>оған қол қояды және Банк бөлімшелерінде немесе қашықтан қызмет көрсету қызметі арқылы қарапайым жазбаша нысанда осы Шартқа қосылу туралы өтініш береді.</p>	<p>подписывает с Банком Согласие на сбор и получение данных ПКБ и подает Заявления о присоединении к настоящему Договору в простой письменной форме в отделениях Банка, либо посредством дистанционного обслуживания.</p>
<p>1.3. Осы Шарттың талаптарын Қарыз алушы осы Шартқа толықтай қосылу арқылы ғана қабылдауы мүмкін, бұған Қарыз алушы сөзсіз келіседі. Қарыз алушының осы Қосылу шартының талаптарын қабылдауы Банк бөлімшелерінде Қарыз алушының өзі қол қойған, Қарыз алушының мөрімен расталған (болған жағдайда), Банк белгілеген нысанда қағаз тасымалдағышта сәйкес Өтініш беруі немесе ЭЦҚ пайдалана отырып, ИБЖ арқылы электронды түрде өтініш беруі арқылы көрінеді және ҚР АҚ аясында ресімделген болып саналады.</p>	<p>1.3. Условия настоящего Договора могут быть приняты Заемщиком не иначе как путём присоединения к настоящему Договору в целом, в полном объёме, с чем Заемщик безусловно согласен. Принятие Заемщиком условий настоящего Договора присоединения выражается путём подачи соответствующего Заявления, по форме установленной Банком на бумажном носителе в отделении Банка, подписанное собственноручно Заемщиком, заверенным печатью (при наличии), в электронном виде через СИБ, с использованием ЭЦП и считается оформленным в рамках ГК РК.</p>
<p>1.4. Осы Қосылу шартында Банктің Қарыз алушыға Банктің «Сатып алуға арналған тапсырысты қаржыландыру» бағдарламасы бойынша Қарыз/Қарыздар беруінің стандарт талаптары, яғни Якорлық клиент үшін сатып алу туралы тапсырысты орындауға арналған айналымдағы қаражатты толықтыруға Жеткізушіге қаражат беру белгіленген.</p>	<p>1.4. Настоящим Договором присоединения определены стандартные условия предоставления Банком Заемщику Займа/Займов по продукту Банка «Финансирование заказа на закупку», то есть финансирование Поставщиков на пополнение оборотных средств для выполнения Заказа на закупку для Якорного клиента.</p>
<p>1.5. Қосылу шартына жасалған өтініш, осы Қосылу шарты және Сауалнама-өтініш бір-бірінен ажырамайды және бірыңғай құқықтық құрал болып табылады.</p>	<p>1.5. Заявление к Договору присоединения, настоящий Договор присоединения и Анкета-заявление неотъемлемы друг от друга и представляют собой единый правовой инструмент.</p>
<p>1.6. Банк Қарыз алушының Қосылу туралы өтінішін акцептілеген жағдайда, Банк пен Қарыз алушы қол қоятын барлық құжаттар, оның ішінде Интернет-платформа арқылы жөнелтілген құжаттар Азаматтық кодекстің 152-бабының аясында, яғни жазбаша нысанда ресімделген болып есептеледі. Осы Шарт жасалғаннан кейін Тараптар құқықтарға ие болады, барлық тиісті міндеттемелерді өздеріне қабылдайды, сонымен қатар Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген міндеттемелерді орындамағаны/тиісті түрде орындамағаны үшін жауап береді.</p>	<p>1.6. В случае акцепта Банком Заявления о присоединении Заемщика, все документы, подписываемые Банком и Заемщиком, в том числе направленные посредством Интернет-платформы, считаются оформленными в рамках статьи 152 Гражданского кодекса, т.е. в письменной форме. После заключения настоящего Договора, Стороны приобретают права, принимают на себя все соответствующие обязательства, а также несут ответственность за неисполнение/ненадлежащее исполнение указанных обязательств, согласно условиям настоящего Договора.</p>
<p>1.7. Қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, Қарыз алушы:</p>	<p>1.7. Подписанием Заявления о присоединении Заемщик подтверждает, что:</p>
<p>1.7.1. Дербес деректер субъектілерінің ақпаратын қоса алғанда, оның ішінде қағаз,</p>	<p>1.7.1. Согласен на сбор, обработку и распространение персональных данных о</p>

<p>электронды және кез келген тасымалдағышта тіркелген өзі туралы дербес деректерді, жинауға, өңдеуге және оларды барлық мемлекеттік/мемлекеттік емес органдарға, ұйымдарға жария етуге келісетінін растайды. Бұл кезде, Банк берілген дербес деректерді ҚР заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып жария етуі тиіс.</p>	<p>нем во все государственные/негосударственные органы, организации, включая информацию субъектов персональных данных, в том числе зафиксированные на бумажном, электронном и любом ином носителе. При этом, предоставленные персональные данные подлежат распространению Банком с учётом ограничений, установленных законодательством РК.</p>
<p>1.7.2. қаржыландыру мәмілесін және басқа да банктік қызмет көрсету мәмілесін жасауды тиісті түрде тексеру үшін ҚР заңнамасында белгіленген шектеулерді есепке ала отырып, құрылтайшының (құрылтайшылардың) және басшының (басшылардың) дербес деректері, соның ішінде мемлекеттік/мемлекеттік емес деректер базасының (ЖТМДБ/ЗТМБД/КОМПРА және т.б.) алынатын басқа деректері өзгерген жағдайда, тікелей/үшінші тұлғалар арқылы деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға, айырбастауға және түзетуге, сонымен қатар кредиттік бюроға (соның ішінде мемлекет қатысатын) мәліметтерді ұсынуға/кредиттік бюродан (соның ішінде мемлекет қатысатын) кредиттік есепті және тараптардың кредиттеу аясында өздерінің міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты алуға банкке электронды/қағаз түрінде тіркелген жазбаша келісім берген.</p>	<p>1.7.2. Предоставил письменное согласие Банку, зафиксированное в электронном/бумажном виде на сбор, обработку, хранение, обмен и корректировку в случае изменения персональных данных учредителя (-ей) и руководителя (-ей), в том числе иных данных из государственных/не государственных баз данных (ГБД/ФЛ/ЮЛ/КОМПРА и др.) напрямую/через третьих лиц, с учётом ограничений, установленных Законодательством РК, для надлежащей проверки, заключения сделки на финансирование и иного банковского обслуживания, а также на предоставление сведений в кредитное бюро (в том числе с государственным участием)/получение кредитного отчёта с кредитного бюро (в том числе с государственным участием) и информации, связанной с исполнением сторонами своих обязательств</p>
<p>1.7.3. «Банк ЦентрКредит» АҚ-та «Сатып алуға арналған тапсырысты қаржыландыру» бағдарламасы бойынша қарыздар берудің стандарт талаптарымен және «Банк ЦентрКредит» АҚ-та операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелермен танысқанын растайды.</p>	<p>1.7.3. Ознакомлен со стандартными условиями предоставления займов по продукту «Финансирование заказа на закупку» в АО «Банк ЦентрКредит» и Правилами об общих условиях проведения операций АО «Банк ЦентрКредит».</p>
<p>1.7.4. «Сатып алуға арналған тапсырысты қаржыландыру» өнімі бойынша қарыздар берудің талаптары, Тарифтер, осы Шартты жасасуға қажетті құжаттардың тізбесі, Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайдағы жауапкершілік пен ықтимал тәуекелдер туралы ақпараттың берілгенін растайды.</p>	<p>1.7.4. Предоставлена информация об условиях предоставления займов по продукту «Финансирование заказа на закупку», Тарифах, перечне необходимых документов для заключения настоящего Договора, ответственности и возможных рисках в случае невыполнения обязательств по Договору.</p>
<p>1.7.5. «Банк ЦентрКредит» АҚ-та «Сатып алуға арналған тапсырысты қаржыландыру» өнімі бойынша қарыздар берудің талаптарымен, Банктің тарифтерімен, «Банк ЦентрКредит» АҚ-та операцияларды</p>	<p>1.7.5. Предоставлено необходимое время на ознакомление с условиями предоставления займов по продукту «Финансирование заказа на закупку» в АО «Банк ЦентрКредит», Тарифами Банка, Правилами</p>

жүргізудің жалпы талаптары туралы ережесімен және осы Шарттың талаптарымен танысуға қажетті уақыт берілгенін растайды.	об общих условиях проведения операций АО «Банк ЦентрКредит» и условиями настоящего Договора.
1.7.6. Банктің www.bcc.kz мекенжайы бойынша интернет-ресурсына орналастырылған осы Шарттың барлық талаптарымен келісетінін және Банктің тарифтеріне енгізілген өзгерістерді қоса алғанда, оларды сөзсіз қабылдайтынын растайды.	1.7.6. Согласен со всеми условиями настоящего Договора, размещёнными на Интернет-ресурсе Банка по адресу: www.bcc.kz и безоговорочно принимает их, включая изменения Тарифов Банка.
1.7.7. Банк көрсететін қызметтер үшін алынатын Тарифтердің ұлғаю жағына қарай өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін екеніне келісетінін және www.bcc.kz мекенжайы бойынша орналастырылған, осы Шарт бойынша қызмет көрсету сәтінде қолданыста болған Тарифтер бойынша көрсетілген қызмет үшін төлем жасауға келісетінін растайды.	1.7.7. Согласен, что Тарифы за услуги Банка могут быть изменены и/или дополнены в сторону увеличения и согласен на оплату услуг по Тарифам, действующим на момент оказания услуг по настоящему Договору и размещенным по адресу: www.bcc.kz .
1.7.8. Шарттың жаңа нұсқасын және/немесе Шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды Банктің www.bcc.kz мекенжайы бойынша интернет-ресурсына орналастыру арқылы Шартқа өзгеріс пен толықтыру енгізуге келісетінін растайды.	1.7.8. Согласен на изменение и/или дополнение условий настоящего Договора путём размещения новой редакции Договора и/или внесённых изменений и/или дополнений в Договор на Интернет-ресурсе Банка по адресу: www.bcc.kz .
1.7.9. Шартта Қарыз алушыға ауыртпалық салатын, сондай-ақ ол өзінің саналы мүддесіне байланысты оларды қабылдамайтын қандай да бір талаптардың жоқ екенін растайды.	1.7.9. Договор не содержит каких-либо обременительных для Заемщика условий, которые он, исходя из своих разумно понимаемых интересов, не принял бы.
1.7.10. Банкте қол қойылған Қосылу туралы өтініш/«Банк ЦентрКредит» АҚ-та «Сатып алуға арналған тапсырысты қаржыландыру» өнімі бойынша қарыз беру туралы өтініш болғандықтан, осы Шартты оқымағанының/түсінбегенінің/қабылдамағанының дәлелі ретінде Шартта қолтаңбасының болмауына сілтеме жасауға құқығы жоқтығын растайды.	1.7.10. Не вправе ссылаться на отсутствие его подписи на настоящем Договоре как доказательство того, что Договор не был им прочитан / понят / принят, поскольку у Банка имеется подписанное Заявление о присоединении/предоставлении Займа по продукту «Финансирование заказа на закупку» в АО «Банк ЦентрКредит».
1.7.11. Осы Қосылу шартының барлық қағидалары Қарыз алушының мүддесі мен қалауына толық көлемде сәйкес келетінін растайды.	1.7.11. Все положения настоящего Договора присоединения в полной мере соответствуют интересам и волеизъявлению Заемщика.
2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ	2. ОБЩИЕ УСЛОВИЯ ДОГОВОРА
2.1. Банк Қарыз алушының Қосылу туралы өтініште көрсетілген банктік шотына (бұдан кейін мәтін бойынша – Шот) ақша аудару жолымен, Шарттың талаптарына сәйкес ақылы болады, мерзімді, қайтарылады, қамтамасыз етіледі және мақсатына сай пайдаланылады деген талаптармен Қарыз алушыға банктік қарыз береді. Қосылу туралы шарттың аясында қарыздар	2.1. Банк предоставляет Заемщику банковский заем на условиях платности, срочности, возвратности, обеспеченности и целевого использования в соответствии с условиями Договора, путем зачисления денег на банковский счет (далее по тексту - Счет) Заемщика, указанный в Заявлении о присоединении. В рамках Договора присоединения займы

<p>Банктің өз қаражаты есебінен беріледі, сонымен қатар Банкте қолданыста болатын мемлекеттік / мемлекеттік емес бағдарламалардың қаражаты есебінен қаржыландырылуы мүмкін. Аталған бағдарламалардың ерекше талаптары Қосылу туралы өтініште көзделеді. Қарыз алушының Қосылу туралы өтініште көрсетілген ағымдағы банктік шотына ақша аударылған сәттен бастап қарыз берілген болып есептеледі және Банктің уәкілетті органы және/немесе Скоринг жүйесі белгілеген мерзімге беріледі.</p>	<p>предоставляются как за счет собственных средств Банка, также могут быть профинансированы за счёт средств государственных/негосударственным программ, действующих в Банке. Особые условия данных программ предусматриваются в Заявлении о присоединении. Заем, считается предоставленным с момента зачисления денег на текущий банковский счет Заемщика, указанный в Заявлении о присоединении и предоставляется на срок, определенный Уполномоченным органом Банка и/или Скоринг-системой.</p>
<p>2.2. Шарт жасалған күн; банктік қарыздың мақсаты; қарыз сомасы және валютасы; қарыз мерзімі; қарызды пайдаланғаны үшін алынатын бекітілген сыйақы мөлшерлемесінің түрі мен мөлшері; қарызды пайдаланғаны үшін белгіленген СЖТМ мөлшері; қарыз бен сыйақыны өтеудің тәсілі, әдісі, кезектілігі мен тәртібі, кезеңділігі; негізгі борышты уақытылы өтемегені және сыйақыны уақытылы төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) есептеу тәртібі және оның мөлшері; комиссиялар мен өзге төлемдердің толық тізбесі, сонымен қатар қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты алынуы тиіс олардың мөлшері; қарыз бойынша қамсыздандыру; Қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған/тиісті дәрежеде орындамаған кезде, Банк қолданатын шаралар; Қарыз алушының өзі туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге және кредиттік бюроның Банкке ол туралы кредиттік есепті, сонымен қатар Тараптардың өз міндеттемелерін орындауға байланысты ақпаратты беруіне келісімінің болуы туралы нұсқау Қосылу туралы өтініше белгіленеді.</p>	<p>2.2. Дата заключения Договора; цель банковского займа; сумма и валюта займа; срок займа; вид и размер фиксированной ставки вознаграждения за пользование займом; размер ГЭСВ за использованием займа; способ, метод, очередность и порядок, периодичность погашения займа и вознаграждения; порядок исчисления и размер неустойки (штрафа, пени) за несвоевременное погашение основного долга и уплату вознаграждения; полный перечень комиссий и иных платежей, а также их размеры, подлежащие взиманию в связи с выдачей и обслуживанием займа; обеспечение по займу; меры, принимаемые Банком при неисполнении / ненадлежащем исполнении Заёмщиком обязательств по Договору; указание о наличии согласия Заёмщика на предоставление информации о нем в кредитные бюро и на предоставление кредитным бюро банку кредитного отчета о нем, а также информации, связанной с исполнением сторонами своих обязательств; определяются Заявлением о присоединении.</p>
<p>2.3. Қарыз бойынша сыйақы Қарыз алушының банктік шотына қарыз сомасын аударған сәттен бастап қарыз бойынша мерзімді борыш сомасына есептеледі. Қарыздың барлық сомасы толық өтелгеннен кейін сыйақы есептеу тоқтатылады. Кредиттеудің барлық кезеңі үшін төленуі тиіс сыйақының жалпы сомасы, осы Шарттың талаптарына сәйкес есептелген қарыз бен сыйақының жиынтық сомасы қарызды өтеу бойынша Төлем жасау кестесінде (бұдан</p>	<p>2.3. Начисление вознаграждения по займу производится на сумму срочного долга по займу с момента перечисления суммы займа на банковский счет Заемщика. Начисление вознаграждения заканчивается после полного погашения всей суммы займа. Общая сумма вознаграждения, подлежащего выплате за весь период кредитования, суммарное значение займа и вознаграждения, рассчитанные в соответствии с условиями настоящего</p>

<p>кейін – Төлем жасау кестесі) (Қосылу туралы өтініштің 1-қосымшасы) көрсетілген.</p>	<p>Договора присоединения, указаны в Графике платежей по погашению займа (Приложение 1 к Заявлению о присоединении).</p>
<p>2.4. Қарыз алушы Қосылу туралы өтініште және/немесе осы Қосылу шартында көрсетілген қарызды қайтару және/немесе сыйақыны төлеу мерзімін бұзған кезде, Қарыз алушы Банкке мерзімінен кешіктірілген әр күн үшін мерзімінен кешіктірілген төлем сомасының 0,2% мөлшерінде өсімпұл төлейді.</p>	<p>2.4. При нарушении обязательств Заемщиком по возврату Займов и/или уплате вознаграждения, предусмотренного в Заявлении о присоединении и/или настоящем Договоре присоединения, Заемщик выплачивает Банку пеню в размере 0,2% от суммы просроченного платежа за каждый день просрочки.</p>
<p>2.5. Қарыз алуға байланысты және қарыз бойынша көрсетілетін қызметтер үшін алынатын комиссиялар мен өзге төлемдердің тізбесі осы Шартқа қосылу туралы өтініште көрсетілген.</p>	<p>2.5. Перечень комиссий и иных платежей за услуги, связанные с получением и обслуживанием займа указан в Заявлении о присоединении к настоящему Договору.</p>
<p>2.6. Қарыз алушының осы Қосылу шарты бойынша міндеттемелерін орындайтынының қамсыздандыруы болып Қарыз алушы мен Банктің арасында жасалған Кепіл шарттарына сәйкес шот-фактуралар/келісімшарттар бойынша болашақта келіп түсетін ақша, тауарлық-материалдық құндылықтар, сондай-ақ Қолданыстағы заңнамаға сәйкес өндіріп алу қолдануға болатын басқа да мүлік танылады.</p>	<p>2.6. Обеспечением исполнения обязательств Заемщика по настоящему Договору присоединения являются деньги поступающие в будущем по счетам-фактурам/контрактам, товарно-материальные ценности, согласно Договорам о залогах, заключенных между Заемщиком и Банком, а также иное имущество на которое может быть обращено взыскание в соответствии с действующим законодательством.</p>
<p>2.7. Қарыз алушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда, Банк Қарыз алушының Банкте, сонымен қатар екінші деңгейдегі кез келген басқа банктерде, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шоттарынан ақшаны есептен шығару және/немесе тікелей дебеттеу арқылы қарыз бойынша мерзімінен кешіктірілген берешекті өндіріп алу туралы талапты ұсынған кезде, оның банктік шоттарынан ақшаны даусыз (қосымша келісімсіз және оған хабарламай) алып қою арқылы қарыз сомасын, есептелген сыйақыны, тұрақсыздық айыбын, сондай-ақ Банкке төленуге тиісті басқа да төлемдерді осы Қосылу шартында және Қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен және талаптармен банктік шотқа ақша аудару арқылы өндіріп алуға құқылы.</p>	<p>2.7. При неисполнении и/или ненадлежащем исполнении Заемщиком обязательств по настоящему Договору присоединения, Банк вправе взыскать сумму займа, начисленное вознаграждение, неустойку, а также иные, причитающиеся Банку платежи путем бесспорного (без дополнительного согласия и уведомления) изъятия денег с его банковского счета при предъявлении требования о взыскании просроченной задолженности по займу, путем списания и/или прямого дебетования денег с банковских счетов Заемщика, открытых как в Банке, так и в любых иных банках второго уровня, организациях осуществляющих отдельные виды банковских операций, иностранных банках, в порядке и на условиях, предусмотренном настоящим Договором присоединения и Действующим законодательством, путем перевода денег на банковский счет.</p>
<p>2.8. Осы Қосылу шарты Қарыз алушы «Банк ЦентрКредит» АҚ-та «Сатып алуға арналған тапсырысты қаржыландыру» өнімі бойынша</p>	<p>2.8. Настоящий Договор присоединения вступает в силу со дня подписания Заемщиком Заявления о присоединении к</p>

<p>кредит беру туралы шарттың стандарт талаптарына Қосылу туралы өтінішке қол қойған күннен және оны Банк қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, сондай-ақ Қарыз алушы Банк алдында өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.</p>	<p>Стандартным условиям договора о предоставлении кредитования по продукту «Финансирование заказа на закупку» в АО «Банк ЦентрКредит» и принятия его Банком, и действует до полного исполнения Заемщиком своих обязательств перед Банком.</p>
<p>3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ</p>	<p>3. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН</p>
<p>3.1. Тараптар осы Қосылу шарты бойынша бір-бірінің алдында Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауап береді, бұл кезде, Банк жауапкершілігінің туындауы үшін басты талап Банк тарапынан болған және Қарыз алушының іс жүзінде залал көтеруіне әкеп соққан қасақана кінә болып табылады. Банк моральдық шығын мен жіберіп алған пайданы өтемейді.</p>	<p>3.1. Стороны несут ответственность друг перед другом по настоящему Договору присоединения в соответствии с действующим законодательством, при этом, обязательным условием наступления ответственности Банка является наличие умышленной вины, проявленной со стороны Банка и послужившей возникновению реального ущерба у Заёмщика. Моральный вред и упущенная выгода не подлежат возмещению со стороны Банка.</p>
<p>3.2. Қарыз қаражатын мақсатына сай пайдаланбағаны үшін Қарыз алушы Банкке мақсатына сай пайдаланылмаған қарыз қаражаты сомасының 25% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.</p>	<p>3.2. За использование заемных средств не по целевому назначению, Заемщик уплачивает Банку неустойку в размере 25% от суммы использованных не по целевому назначению заемных средств.</p>
<p>3.3. Қарыз алушы:</p>	<p>3.3. Заемщик уплачивает неустойку в пользу Банка:</p>
<p>- осы Қосылу шартының 4.1.-тармағын орындамаған кезде, берілген қарыз сомасының 0,2% мөлшерінде;</p>	<p>- в размере 0,2% от суммы выданного займа при несоблюдении п. 4.1. настоящего Договора присоединения;</p>
<p>- осы Қосылу шартының 4.2.3. – 4.2.13-тармақтарын орындамаған кезде, берілген қарыз сомасының 0,1% мөлшерінде;</p>	<p>- в размере 0,1 % от суммы выданного займа при несоблюдении п.п. 4.2.3. – 4.2.13. настоящего Договора присоединения;</p>
<p>- осы Қосылу шартының 4.2.14-тармағын орындамаған кезде, берілген қарыз сомасының 5% мөлшерінде Банктің пайдасына айыппұл төлейді.</p>	<p>- в размере 5% от суммы выданного займа при несоблюдении п. 4.2.14. настоящего Договора присоединения.</p>
<p>3.4. Міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда, тұрақсыздық айыбын төлеу және залалды өтеу Қарыз алушыны осы Шарттың талаптарын тиісті дәрежеде орындаудан босатпайды, бұл кезде Банк осы Шарттың 4.6.-тармағына сәйкес іс-әрекет етуге құқылы болады.</p>	<p>3.4. Уплата неустойки и возмещение убытков в случае неисполнения или ненадлежащего исполнения обязательств не освобождает Заемщика от надлежащего исполнения условий настоящего Договора, при этом Банк оставляет за собой право действовать согласно п. 4.6. настоящего Договора.</p>
<p>3.5. Осы арқылы Қарыз алушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда, Банкке Банктің мүддесін қорғау үшін үшінші тұлға ретінде адвокатты және/немесе өкілді тартуға келісім береді. Бұл кезде, Банк Қарыз алушыдан тапсырмаларды орындау барысында өзіне</p>	<p>3.5. Заёмщик настоящим предоставляет согласие Банку, в случае неисполнения и/или ненадлежащего исполнения обязательств по настоящему Договору, на привлечение в качестве третьих лиц адвоката и/или представителя для защиты интересов Банка. При этом Банк вправе требовать уплаты понесённых им при</p>

келтірілген шығындарды төлеуді талап етуге құқылы.	исполнении поручения издержек от Заёмщика.
3.6. Осы Шартта көзделген барлық тұрақсыздық айыппұлдары айыптық болып табылады, яғни шығындар тұрақсыздық айыбынан бөлек толық сомада өндіріледі.	3.6. Все неустойки, предусмотренные настоящим Договором, являются штрафными, т.е. убытки взыскиваются в полной сумме сверх неустойки.
3.7. Қарыз алушы осы Қосылу шартында және/немесе Қосылу туралы өтініште көзделген барлық тұрақсыздық айыптарын Банк тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша міндеттемелердің орын алғаны және/немесе осы Қосылу шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің кешіктірілгені туралы Қарыз алушыға хабарлаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті. Қарыз алушы белгіленген мерзімде тұрақсыздық айыбын төлемеген кезде, аталған берешек мерзімінен кешіктірілген берешек болып есептеледі.	3.7. Все неустойки, предусмотренные настоящим Договором присоединения и/или Заявлением о присоединении, подлежат уплате Заемщиком в течении 10 (Десяти) рабочих дней с момента уведомления Банком Заемщика о наступлении обстоятельства для уплаты неустойки и/или наступления просрочки исполнения обязательства по настоящему Договору присоединения. При неуплате неустойки в указанный срок Заемщиком, данная задолженность будет являться просроченной задолженностью.
3.8. Мерзімінен кешіктірілген берешекті өтеу келесі кезектілікпен жүргізіледі:	3.8. Погашение просроченной задолженности, производится в следующей очередности:
1) міндеттемелерді орындауды алу бойынша барлық қығыстар, соның ішінде осы Қосылу шартын, «Банк ЦентрКредит» АҚ-та «Сатып алуға арналған тапсырысты қаржыландыру» кредит беру өнімі бойынша лимит белгілеу туралы келісімді, Банктің талаптарын және несиелік берешекті өтеуге байланысты басқа шараларды қабылдауды қамтамасыз ететін Өтінішті орындауға байланысты Банктің барлық соттан тыс және/немесе сот тәртібіндегі шығыстары;	1) все издержки по получению исполнения обязательств, в том числе внесудебные и/или судебные расходы Банка, связанные с исполнением настоящего Договора присоединения, Соглашения об установлении лимита по продукту кредитования «Финансирование заказа на закупку» в АО «Банк ЦентрКредит», Заявления, обеспечивающих требование Банка и принятие иных мер, связанных с погашением ссудной задолженности;
2) мерзімінен кешіктірілген төлемдердің пайда болуына байланысты тұрақсыздық айыбы (өсімпұл және айыппұл);	2) неустойка (пеня и штраф) за возникновение просроченных платежей;
3) сыйақы сомасы (баланстан тыс есептелетін, балансқа қосылған);	3) сумма вознаграждения (учитываемое за балансом, учитываемое на балансе);
4) негізгі борыш сомасы (баланстан тыс есептен шығарылған мерзімінен кешіктірілген негізгі борыш; балансқа қосылған мерзімінен кешіктірілген негізгі борыш; мерзімді сыйақы (төлем мерзімі келген кезде); мерзімді негізгі борыш (төлем мерзімі келген кезде); бұл кезде, Банк өз қалауы бойынша ақшаны басқа тәртіппен бөлуге құқылы.	4) сумма основного долга (просроченный основной долг, списанный за баланс; просроченный основной долг, учитываемый на балансе; срочное вознаграждение (при наступлении срока платежей); срочный основной долг (при наступлении срока платежей), при этом, Банк вправе по своему усмотрению осуществлять распределение денег в ином порядке.
4. ТАРАПТАРДЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ, ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	4. ГАРАНТИИ, ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН
4.1. Қарыз алушы осы Қосылу шартына қол қойған күні төмендегілерді растайды және оларға кепілдік береді:	4.1. Заемщик подтверждает и гарантирует, что на дату подписания настоящего Договора присоединения:

<p>4.1.1. қолданыстағы заңнамаға сәйкес осы Қосылу шартын жасауға, орындауға және өз қызметін жүргізуге қатысты оның құзырлы басқару ұйымдарының, мемлекеттік ұйымдар мен үшінші тұлғалардың тарапынан барлық қажетті санкциялары, рұқсаттары мен келісімдері бар;</p>	<p>4.1.1. имеет все необходимые санкции, разрешения и согласия со стороны компетентных органов его управления, государственных органов и третьих лиц по заключению, исполнению настоящего Договора присоединения и осуществлению своей деятельности в соответствии с действующим законодательством;</p>
<p>4.1.2. барлық сәйкес салықтарды және бюджетке төленуге тиісті басқа барлық төлемдерді төледі, сондай-ақ Қолданыстағы заңнаманың қоршаған ортаны қорғау, денсаулық қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша талаптарын бұзуды жою туралы уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан болған, бірақ Қарыз алушы әлі орындамаған ескертулер, шешімдер және басқа талаптар жоқ;</p>	<p>4.1.2. уплатил все соответствующие налоги и другие обязательные платежи в бюджет, а также не имеет уведомлений, решений и иных требований со стороны уполномоченных государственных органов об устранении нарушений требований действующего законодательства по охране окружающей среды, здравоохранению и техники безопасности, которые Заемщик не устранил;</p>
<p>4.1.3. оның бизнесіне, активтеріне, қаржылық жағдайына және осы Қосылу шартына қатысты өз міндеттемелері бойынша жауап беру мүмкіндігіне қандай да бір зиян тигізуі мүмкін жағдайлар жоқ;</p>	<p>4.1.3. отсутствуют обстоятельства, могущие нанести существенный ущерб его бизнесу, активам, финансовому положению и возможности отвечать по своим обязательствам по настоящему Договору присоединения;</p>
<p>4.1.4. төменде көрсетілген жағдайлардың орнау қаупі жоқ: банкрот болу, оңалту, қайта ұйымдасу, таратылу (ЗТ үшін қолданылады), және банкрот болу, жеке кәсіпкер ретінде тіркелу күшін жоғалту және т.б., немесе осындай «қызметінің тоқтауы» ықтималдағы (ЖК үшін қолданылады);</p>	<p>4.1.4. отсутствует угроза наступления нижеследующих обстоятельств: банкротство, реабилитация, реорганизация, ликвидация (применяется для ЮЛ), и банкротство, утрата силы регистрации в качестве индивидуального предпринимателя и т.д., либо вероятности такого «прекращения деятельности» (применяется для ИП);</p>
<p>4.1.5. жиынтық сомасы осы Қосылу шартына қол қоятын күннің алдындағы соңғы есепті күнгі мәліметтер бойынша жиынтық активтерінің сомасының 10%-ынан аспайтын талап арыздармен сот дауларына тартылмаған.</p>	<p>4.1.5. не вовлечен в судебные разбирательства, суммарная сумма исков которых не превышает 10% от суммы совокупных активов на последнюю отчетную дату, предшествующую заключению настоящего Договора присоединения.</p>
<p>4.1.6. банкрот болу, оңалту, қайта ұйымдасу, таратылу (ЗТ қатысты қолданылады) сияқты жағдайлардың орнау қаупі жоқ.</p>	<p>4.1.6. отсутствует угроза наступления нижеследующих обстоятельств: банкротство, реабилитация, реорганизация, ликвидация (применяется для ЮЛ).</p>
<p>4.2. Қарыз алушының міндеттері:</p>	<p>4.2. Заемщик обязуется:</p>
<p>4.2.1. осы Шартта көзделген барлық міндеттемелерді тиісті дәрежеде орындау, қарыз қаражатын тек мақсатына сай пайдалану;</p>	<p>4.2.1. надлежащим образом исполнять все обязательства, предусмотренные настоящим Договором, использовать заемные деньги исключительно по целевому назначению;</p>
<p>4.2.2. жеткізілген тауар/көрсетілген қызмет үшін Якорлық клиенттен келіп түскен ақша қаражатын келіп түскен ақшаны Банкте</p>	<p>4.2.2. осуществлять прием денежных средств от Якорного покупателя за поставленную продукцию/услуги только в</p>

ашылған банктік шотқа аудару жолымен қолма-қол ақшасыз тәртіппен қабылдау;	безналичном порядке, путем зачисления поступающих денег на банковский счет, открытый в Банке;
4.2.3. Банктің алғашқы талабы бойынша қарыз қаражатының мақсатына сай пайдаланылуына бақылау жасауға қажетті барлық құжаттарды ұсыну;	4.2.3. предоставить по первому требованию Банка все первичные документы, необходимые для контроля целевого использования заемных средств;
4.2.4. Банк көрсеткен мерзімде Қарыз алушы, сондай-ақ үшінші тұлғалар ұсынатын қамсыздандыруды тиісті үлгіде ресімдеу, сондай-ақ нарық 10% (он пайыздан) астам төмендеу жағына қарай тұрақсызданған жағдайда, кепілдегі мүлікті (кепілге тауарлық-материалдық құндылықтар қабылданған жағдайда) бағалау туралы есепті Банктің бірінші талабы бойынша өз есебінен беру.	4.2.4. в указанный Банком срок надлежащим образом оформить обеспечение, предоставляемое как Заёмщиком, так и третьими лицами, а также предоставить по первому требованию Банка за свой счёт отчёт об оценке залогового имущества в случаях колебания рынка в сторону понижения более чем на 10 % (десять процентов) (в случае принятия в залог товарно-материальных ценностей).
4.2.5. Банктің Қарыз алушыға қоятын талаптарын қамтамасыз ететін, Кепіл шартында көзделген жағдайларда қосымша қамсыздандыру ұсыну;	4.2.5. предоставить дополнительное обеспечение в случаях, предусмотренных Договором обеспечения, обеспечивающего требования Банка к Заемщику.
4.2.6. Осы Қосылу шарты қолданыста болатын мерзім ішінде Банкке:	4.2.6. в течение срока действия настоящего Договора присоединения письменно уведомить Банк:
- өзінің басқа банктердегі (жекелеген банктік операцияларды жүзеге асыратын ұйымдардағы) барлық шоттары туралы оларды ашқан сәттен бастап 3 күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде хабарлау;	- обо всех своих счетах в других банках (организациях, осуществляющих отдельные банковские операции) в течение 3-х календарных дней с момента открытия;
- пошталық және банктік деректемелері, заңдық мекенжайы, құрылтай құжаттары өзгерген кезде, осындай өзгерістер орын алған сәттен бастап 3 күнтізбелік күн ішінде жаңа құжаттарды Банкке тапсыру;	- при изменении почтовых и банковских реквизитов, юридического адреса, учредительных документов в течение 3-х календарных дней с момента таких изменений и представить Банку новые документы;
- кәсіпорын таратылған кезде уәкілетті орган тарату процедурасын жүргізуді бастау туралы шешім қабылдаған сәттен бастап 3 күнтізбелік күн ішінде бұл туралы жазбаша түрде хабарлау.	- при ликвидации предприятия в течение 3-х календарных дней с момента принятия уполномоченным органом решения о начале проведения процедуры ликвидации.
4.2.7. қаржылық жай-күйін тексеру мақсатында Банктің қызметкерлерін қоймалық, өндірістік, қызметтік жайларға және басқа жайларға кіргізу, сондай-ақ қаржылық жай-күйіне мониторинг жүргізіп, талдау жасауға көмек көрсету;	4.2.7. допускать работников Банка в складские, производственные, служебные и иные помещения с целью проверки финансового состояния, оказывать содействие в проведении мониторинга и анализа финансового состояния;
4.2.8. Банк осы Шартты орындау аясында негізді түрде сұрау сала алатын кез келген ақпаратты оған жедел түрде (3 жұмыс күніне дейінгі мерзімде) Банкке тапсыру;	4.2.8. оперативно (в срок до 3-х рабочих дней) предоставлять Банку любую информацию, которую последний может обоснованно запросить в рамках исполнения настоящего Договора;
4.2.9. Банк алдындағы міндеттемелерін	4.2.9. в случае нарушения своих

<p>бұзған жағдайда, «Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы қаржылық міндеттемелерін қоспағанда, осы Қосылу шарты бойынша қаржылық міндеттемелерін осы Шартқа қол қойған күні болған басқа барлық қаржылық міндеттемелерге қарағанда бірінші кезекте орындау;</p>	<p>обязательств перед Банком, производить исполнение финансовых обязательств по настоящему Договору присоединения в первоочередном порядке по отношению ко всем другим финансовым обязательствам, уже существующим на дату подписания Договора, за исключением финансовых обязательств, имеющих в АО «Банк ЦентрКредит»;</p>
<p>4.2.10. Банкке осы Қосылу шартының міндеттемелері орындалмайтын нақты немесе ықтимал жағдайлар туралы тез арада хабарлау;</p>	<p>4.2.10.своевременно уведомлять Банк о реальных, либо потенциальных случаях невыполнения обязательств настоящего Договора присоединения;</p>
<p>4.2.11. Банк алдында мерзімінен кешіктірілген берешегі болған жағдайда, Банктің жазбаша келісімінсіз өзінің қатысушылары арасында кірісін бөлмеу;</p>	<p>4.2.11.при наличии просроченной задолженности перед Банком никаким образом не распределять среди своих участников доходы без письменного согласия Банка;</p>
<p>4.2.12. Банктің Қосылу шартына және оған жасалған Өтінішке сәйкес акцептісіз тәртіппен Қарыз алушы Қарыз алушының банктік шотынан төлемдер сомасын алуына (есептен шығаруына) кедергі жасамауға міндеттенеді және соған келіседі;</p>	<p>4.2.12.обязуется не препятствовать и соглашается, что Банк изымает (списывает) суммы платежей в беспорном (без дополнительного согласия) порядке с Банковского счёта Заёмщика согласно Договору присоединения и Заявления, к нему;</p>
<p>4.2.13. қарызды өтеу үшін банктік шотта ақшаның болуын уақытылы қамтамасыз ету, осы ретте Нұр-Сұлтан қ. уақытымен сағат 18.00-ге дейін қарыз бойынша берешекті өтеу есебіне барлық төлемдерді есептеу. Төлем сағат 18:00-ден кейін жүргізілген жағдайда Қарызды өтеу күні болып төлем жасалған күннен кейінгі жұмыс күні танылады.</p>	<p>4.2.13. своевременно обеспечить наличие денег на Банковском счете для погашения займа, при этом зачислять все платежи в счет погашения задолженности по займу до 18.00 часов по времени Нур-Султан. В случае проведения платежа после 18.00 часов. Датой погашения Займа будет считаться следующий за ним рабочий день проведения платежа.</p>
<p>4.2.14. Осы Шартқа қосылған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде ақша айналымын (Банкте ашылған ағымдағы шот (шоттар) бойынша ақшалай операциялар) қолдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ егер Банктің Уәкілетті органының шешімінде өзгеше белгіленбесе және Қарыз алушыға хабарланбаса, Шарт қолданыста болатын кезеңде ай сайын Банктегі ағымдағы шотта Қарыз алушының жалпы қолма-қол ақшасыз түсімдерінің кемінде 90 % (тоқсан пайызы) мөлшерінде кредиттік айналымдарды қолдау.</p>	<p>4.2.14. в течение 30 (тридцати) календарных дней с момента присоединения к настоящему Договору обеспечить поддержание денежных оборотов (денежных операций по текущему(им) счету(-ам), открытому(-ым) в Банке), а также поддерживать ежемесячно на период действия Договора, на текущем счете в Банке кредитовые обороты в размере не менее 90 % (девятисто) процентов от общих безналичных поступлений Заемщика, в случае если иное не оговорено в решении Уполномоченного Органа Банка и не доведено до Заемщика.</p>
<p>4.2.15. Бұл кезде, кредиттік айналымдар болып тікелей тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді іске асырудан түсетін ақша түсімдері танылады. Кредиттік айналымға</p>	<p>4.2.15. При этом под кредитовыми оборотами понимаются поступления денег непосредственно от реализации товаров, работ и услуг. К кредитному обороту не</p>

<p>үлестес тұлғалар, еншілес компаниялар мен филиалдар арасында іске асырылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер), уақытша қаржылай көмек көрсету және т.б. үшін жүргізілген есеп айырысулар жатпайды.</p>	<p>относятся расчеты за реализованные товары (работы, услуги) между аффилированными, дочерними компаниями и филиалами, оказание временной финансовой помощи и др.</p>
<p>4.2.16. Қарыз алушы Банктің жазбаша келісімсіз төмендегі іс-әрекеттерді жүзеге асырмауға міндеттенеді:</p>	<p>4.2.16. Заемщик обязуется не совершать без письменного согласия Банка:</p>
<p>4.2.16.1. қайта ұйымдасу (бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құрылу);</p>	<p>4.2.16.1. реорганизацию (слияние, присоединение, разделение, выделение, преобразование);</p>
<p>4.2.16.2. еншілес және/немесе үлестес заңды тұлғалар құру, кез келген осындай өндірісті құру және/немесе құруға көмектесу;</p>	<p>4.2.16.2. создание дочерних и/или аффилированных юридических лиц, создание или оказание содействия в создании любого аналогичного производства;</p>
<p>4.2.16.3. Қарыз алушының бизнесін түгелдей немесе жекелеген операцияларын үшінші тарап басқаруға негіз болатын кез келген келісімдер жасау;</p>	<p>4.2.16.3. заключение любых соглашений, в силу которых бизнес в целом или отдельные операции Заемщика будут управляться третьей стороной;</p>
<p>4.2.16.4. кепілге беру шарттарын жасау немесе басқаша түрде өзінің активтеріне, мүлкіне (оның ішінде осы Қосылу шартын жасағаннан кейін оның меншігіне түсетін мүлкіне де), қазіргі және болашақтағы табысына ауыртпалық салу;</p>	<p>4.2.16.4. заключать договора залога, либо иным образом создавать обременения на свои активы, имущество (в том числе, поступившее в его собственность после заключения Договора присоединения), настоящие и будущие доходы;</p>
<p>4.2.16.5. Қарыз алушының басшылары мен қатысушыларының құрамын өзгерту;</p>	<p>4.2.16.5. изменения в составе руководства и участников Заемщика;</p>
<p>4.2.16.6. қызмет түрін өзгерту;</p>	<p>4.2.16.6. изменение вида деятельности;</p>
<p>4.2.16.7. қаржыландырылатын жоба бойынша технологиялық процестерде және өндірістік көрсеткіштерде айтарлықтай өзгерістер жасау;</p>	<p>4.2.16.7. существенные изменения в технологическом процессе и производственных показателях, финансируемого проекта;</p>
<p>4.2.16.8. Өндірісті уақытша тоқтату/өндіріс көлемін 30% (отыз пайыздан) аса көлемге төмендету, сондай-ақ Қарыз алушының Жарғысында белгіленген шекте жүзеге асырылатын өндірістік қызметінен әрі қарай бас тарту/осы Шарт бойынша қаржыландыру объектісі болып табылатын қызметті мақсатына сай пайдалануға сәйкес қызметін әрі қарай дамытудан бас тарту.</p>	<p>4.2.16.8. приостановление/снижение объемов производства более чем на 30 (тридцать) % (процентов), а также отказ от дальнейшей производственной деятельности, осуществляемой в рамках, определенных уставом Заёмщика/ дальнейшего развития деятельности – в соответствии с целевым использованием, являющемуся объектом финансирования по Договору;</p>
<p>4.2.16.9. ірі қаржылық мәмілелер жасау және/немесе жарғылық капиталға өзгеріс енгізу, дивиденд төлеу, үлестес компаниялар берешегін қайта қаржыландыру, үлестес компанияға және кәсіпорын қызметкерлеріне материалдық және қаржылай көмек көрсету, басқа ұйымдардан қаржылық көмек алу және т.б. сияқты өзара байланысты бірнеше мәмілелер жасау;</p>	<p>4.2.16.9. заключать крупные финансовые сделки и/или несколько взаимосвязанных между собой сделок таких как: изменение в уставном капитале, выплата дивидендов, рефинансирование задолженности аффилированных компаний, оказание материальной или финансовой помощи аффилированным компаниям и сотрудникам предприятия, получение</p>

	финансовой помощи от сторонних организаций и д.р.;
4.2.16.10. ірі инвестициялық мәмілелер және/немесе лизингке жабдықтар алу және беруді қосқанда активтерді алу, іске асыру, беру сияқты өзара байланысты бірнеше мәмілелерді, сондай-ақ оның ішінде үлестес компаниялармен мәмілелер жасау;	4.2.16.10. заключать крупные инвестиционные сделки и/или несколько взаимосвязанных между собой сделок таких как: приобретение, реализация, передача активов, включая приобретение и передачу оборудования в лизинг, в том числе и аффилированным компаниям;
4.2.16.11. үшінші тұлғалардан қарыз, кепілдіктер, аккредитивтер алу, вексельдерді акцептеу және авальдау, үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгер, кепіл болушы болу және бюджетке төленетін міндетті төлемдерді қоспағанда, осы Қосылу шартында көзделмеген басқа міндеттемелерді өзіне қабылдау. Сондай-ақ басқа қаржы ұйымдары немесе кез келген үшінші тұлғалар алдында өз міндеттемелерін немесе үшінші тұлғалардың міндеттемелерін қамсыздандыру ретінде активтерін ұсыну.	4.2.16.11. получать займы, гарантии, аккредитивы от третьих лиц, акцептовать и авалировать векселя, выступать гарантом, поручителем по обязательствам третьих лиц и принимать на себя иные обязательства, не предусмотренные настоящим Договором присоединения, за исключением обязательных платежей в бюджет. А также предоставлять свои активы в качестве обеспечения своих обязательств или обязательств третьих лиц перед другой финансовой организацией или любым третьим лицом.
4.3. Қарыз алушы:	4.3. Заемщик дает согласие:
4.3.1. тәуелсіз аудиторлық компания (Банкпен келісілген) арқылы өз есебінен жыл сайын өзінің шаруашылық қызметіне аудит жүргізіп тұруға, сондай-ақ Банктің негізді талабы бойынша, оның ішінде кезектегі төлемді өтеу үшін қаражат болмаған және отыз күн ішінде олардың түсу мүмкіндігі болмайтын жағдайларда, өзінің шаруашылық қызметіне кезектен тыс аудит жүргізуге келісім береді;	4.3.1. проводить ежегодный аудит своей хозяйственной деятельности независимой аудиторской компанией (по согласованию с Банком) за свой счет, а также внеочередной аудит своей хозяйственной деятельности по обоснованному требованию Банка, в том числе в случае отсутствия средств для погашения очередного платежа и отсутствия перспективы их поступления в течение тридцати дней;
4.3.2. Дефолт/Кросс-Дефолт болған жағдайда, Банктің алғашқы талабы бойынша 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен өзінің дебиторлық берешегі бойынша құқықтарын басқаларға қайта табыстауға келісім береді;	4.3.2. в случае Дефолта/Кросс-Дефолта, по первому требованию Банка в течение 5 (пяти) календарных дней переуступить права требования Банку по своей дебиторской задолженности в соответствии с требованиями действующего законодательства;
4.3.3. мерзімінен кешіктірілген (қарызды қайтару, осы Шартта көзделген есептелген сыйақыны, айыппұл мен өсімпұлды төлеу бойынша) берешегі болған жағдайда, кейін Қарыз алушыға хабарлау мақсатында Банктің өз қалауы бойынша кез келген үшінші тұлғаға, мемлекеттік органға және ұйымдарға Қарыз алушы туралы ақпарат беруіне келісім береді, бұл кезде аталған ақпаратты беру банктік құпияны жария ету болып есептелмейді;	4.3.3. при наличии просроченной задолженности (по возврату займа, уплате начисленного вознаграждения, штрафов и пени, предусмотренных настоящим Договором), предоставлять Банком по своему усмотрению информацию о Заемщике любым третьим лицам, государственным органам и организациям с целью последующего оповещения Заемщика и при этом предоставление данной информации не будет считаться раскрытием банковской тайны;

<p>4.3.4. Қосылу шартында және Қосылу туралы өтініште көзделген жағдайларда және талаптармен қарызды және/немесе сыйақыны және/немесе тұрақсыздық айыбын / мерзімінен кешіктірілген берешекті өтеу қажет болған жағдайда, Банктің Банкте және оған қызмет көрсететін барлық екінші деңгейдегі банктерде және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған кез келген банктік шотты тікелей дебеттеу және/немесе даусыз (қосымша келісімсіз және хабарлаусыз) есептен шығару арқылы ақшаны өндіріп алуына келісім береді;</p>	<p>4.3.4. на обращение взыскания на деньги путём прямого дебетования банковских счетов и / или бесспорного (без дополнительного согласия и уведомления) списания Банком денег с любых банковских счетов, открытых в Банке и во всех обслуживающих его банках второго уровня и организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, в случае необходимости погашения займа и / или вознаграждения и / или неустойки / просроченной задолженности, в случаях и на условиях, предусмотренных в Договоре присоединения и Заявлении о присоединении;</p>
<p>4.3.5. осы Шарттың Қосылу туралы өтінішіне қол қоя отырып, осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда, Банк осы Шарт бойынша берешек сомасын өндіріп алу/қайтару мақсатында, оның ішінде осы Шарттың талаптарына сәйкес талап ету құқықтарынан бас тартқан жағдайда, берешекті қайтару бойынша қызметтер, сонымен қатар соттарда және мемлекеттік органдарда банктің мүддесін таныту бойынша қызметтер көрсететін кез келген үшінші тұлғаларға ақпарат беруге Банкке өзінің келісімін береді;</p>	<p>4.3.5. в случае неисполнения и/или ненадлежащего исполнения обязательств по настоящему Договору, подписанием настоящего Заявления на присоединение к настоящему Договору дает свое согласие Банку на предоставление информации любым третьим лицам, предоставляющим услуги по возврату задолженности, а также услуги по представлению интересов Банка в судах и государственных органах в целях взыскания/возврата суммы задолженности по настоящему Договору, в том числе при переуступке прав требований в соответствии с условиями настоящего Договора;</p>
<p>4.3.6. Қарыз алушы өзі туралы дербес деректерді жинақтауға, өңдеуге және оларды барлық мемлекеттік/мемлекеттік емес органдарға, ұйымдарға жария етуге келісім береді;</p>	<p>4.3.6. Заемщик дает согласие на сбор, обработку и распространение персональных данных о нем во все государственные/ негосударственные органы, организации;</p>
<p>4.3.7. өзі туралы мәліметті кредиттік бюроға беруге және кредиттік бюроның өзі туралы кредиттік есепті, сондай-ақ тараптардың міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты Банкке беруіне келісім береді;</p>	<p>4.3.7. на предоставление сведений о нем в кредитное бюро и на предоставление кредитным бюро Банку кредитного отчета о нем, а также информации, связанной с исполнением сторонами своих обязательств;</p>
<p>4.3.8. осы Қосылу шарты бойынша құқықты үшінші тұлғаларға қайта табыстауға келісім береді.</p>	<p>4.3.8. на переуступку прав по настоящему Договору присоединения третьим лицам.</p>
<p>4.4. Қарыз алушының құқықтары</p>	<p>4.4. Заемщик вправе:</p>
<p>4.4.1. егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтейтін күн демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келсе, тұрақсыздық айыбы мен айыппұл санкцияларының басқа түрлерін төлемей-ақ, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні төлеу;</p>	<p>4.4.1. если дата погашения основного долга и (или) вознаграждения выпадает на выходной либо праздничный день, произвести оплату основного долга и (или) вознаграждения в следующий за ним рабочий день без уплаты неустойки и иных видов штрафных санкций;</p>
<p>4.4.2. өтініш беріп, өзінің Шарт бойынша</p>	<p>4.4.2. по заявлению получить в срок не</p>

<p>берешекті өтеу есебіне жасаған төлемінің (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлға және айыппұл санкцияларының басқа түрлеріне, сондай-ақ төленуге тиісті басқа сомаға) бөлінуі туралы жазбаша ақпаратты үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ең көп дегенде айына бір рет тегін алу;</p>	<p>более трех рабочих дней, безвозмездно, не чаще одного раза в месяц в письменной форме информацию о распределении (на основной долг, вознаграждение, комиссии, неустойки, штрафы и иные виды штрафных санкций, а также другие подлежащие уплате суммы) поступающих денег в счет погашения задолженности по Договору;</p>
<p>4.4.3. Шарт бойынша берілген ақшаны Банкке ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініші бойынша өзінің мерзімінен кешіктірілген төлемдерін көрсете отырып, негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының басқа түрлеріне, сондай-ақ төленуге тиісті басқа сомаға жіктелген қайтаруға тиісті сомасының мөлшері туралы мәліметті үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тегін алу;</p>	<p>4.4.3. по заявлению о частичном или полном досрочном возврате Банку предоставленных по Договору денег безвозмездно в срок не более трех рабочих дней получить в письменной форме сведения о размере причитающейся к возврату суммы с разбивкой на основной долг, вознаграждение, комиссии, неустойки и иные виды штрафных санкций, а также другие подлежащие уплате суммы с указанием просроченных платежей;</p>
<p>4.4.4. тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлерін төлемей-ақ, негізгі борышты ішінара немесе толықтай мерзімінен бұрын өтеу;</p>	<p>4.4.4. производить частичное или полное досрочное погашение основного долга без оплаты неустойки или иных видов штрафных санкций;</p>
<p>4.4.5. Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай өзгерту туралы хабарлама алған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде Қосылу шартында көзделген тәртіппен Банк ұсынған жақсарту талаптарынан бас тарту;</p>	<p>4.4.5. в течение четырнадцати календарных дней с даты получения уведомления об изменении условий Договора в сторону их улучшения для заемщика отказаться от предложенных банком улучшающих условий в порядке, предусмотренном Договором присоединения;</p>
<p>4.4.6. көрсетілген қызметтер бойынша даулы мәселелер туындаған кезде, Банкке жазбаша өтініш жасау және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы заңының 8-бабында белгіленген мерзімде жауап алу;</p>	<p>4.4.6. письменно обратиться в Банк при возникновении спорных ситуаций по получаемым услугам и получить ответ в сроки, установленные статьей 8 Закона Республики Казахстан от 12 января 2007 года «О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц»;</p>
<p>4.4.7. осы Шарттың 4.7.7.-тармақшасында көзделген жағдайларда сыйақы мөлшерлемесі өзгерген кезде, жаңа талаптарды қабылдау немесе алған қарызды пайдаланған нақты уақыт үшін сыйақы төлеп, оны мерзімінен бұрын қайтару.</p>	<p>4.4.7. при изменении ставки вознаграждения в случаях, предусмотренных п. 4.7.7. настоящего Договора принять новые условия либо досрочно вернуть полученный заем, с уплатой вознаграждения за фактическое время пользования им.</p>
<p>4.5. Банктің міндеттері:</p>	<p>4.5. Банк обязуется:</p>
<p>4.5.1. Қарыз алушы осы Қосылу шартының және Қосылу туралы өтініштің талаптарын толық көлемде орындаған және Банктің скоринг жүйесі арқылы немесе Банктің Уәкілетті органы арқылы қаржыландыруға келісім алған кезде, белгіленген мөлшерде және белгіленген мерзімдерде қарыз беру;</p>	<p>4.5.1. предоставлять заем, в установленном размере и в установленные сроки, при условии выполнения Заемщиком условий настоящего Договора присоединения и Заявления о присоединении в полном объеме и получения одобрения Скоринг-системы Банка, либо Уполномоченного</p>

	органа Банка о финансировании;
4.5.2. Қарыз алушының өтініші бойынша Шарт бойынша берешекті өтеу есебіне кезекті түскен ақшаны (мерзімінен кешіктірілген төлемдерін көрсете отырып, негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлға және айыппұл санкцияларының басқа түрлеріне, сондай-ақ төленуге тиісті басқа сомаға) бөлу туралы ақпаратты жазбаша түрде үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, ең көп дегенде айына бір рет тегін беру;	4.5.2. по заявлению Заемщика безвозмездно не чаще одного раза в месяц представить в срок не более трех рабочих дней в письменной форме информацию о распределении (на основной долг, вознаграждение, комиссии, неустойки, штрафы и иные виды штрафных санкций, а также другие подлежащие уплате суммы с указанием просроченных платежей) очередных поступающих денег в счет погашения задолженности по Договору;
4.5.3. Шарт бойынша берілген ақшаны Банкке мерзімінен бұрын ішінара немесе толық көлемде қайтару туралы Қарыз алушының өтініші бойынша оның мерзімінен кешіктірілген төлемдерін көрсете отырып, негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлға және айыппұл санкцияларының басқа түрлеріне, сондай-ақ төленуге тиісті басқа сомаға жіктелген қайтаруға тиісті сомасының мөлшері туралы мәліметті үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тегін беру;	4.5.3. по заявлению Заемщика о частичном или полном досрочном возврате банку предоставленных по договору денег безвозмездно в срок не более трех рабочих дней сообщить ему размер причитающейся к возврату суммы с разбивкой на основной долг, вознаграждение, комиссии, неустойки, штрафы и иные виды штрафных санкций, а также другие подлежащие уплате суммы с указанием просроченных платежей;
4.5.4. осы Шартта көзделген тәртіппен Шарттың талаптарын жақсарту жағына қарай өзгерту туралы Қарыз алушыға хабарлау;	4.5.4. уведомить Заемщика об изменении условий Договора в сторону их улучшения в порядке, предусмотренном настоящим Договором;
4.5.5. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінен кешіктірілген кезде, Қарыз алушыға Шарт бойынша төлем жасау қажеттігі туралы және Қарыз алушының міндеттемелерін орындамауының салдары туралы осы Қосылу шартында көзделген тәсілмен және мерзімде, бірақ міндеттемелерді орындау мерзімінен кешіктірілген күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлау;	4.5.5. при наступлении просрочки исполнения обязательства по Договору уведомить Заёмщика способом и в сроки, предусмотренные настоящим Договором присоединения, но не позднее тридцати календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательства о необходимости внесения платежей по Договору с указанием размера просроченной задолженности и о последствиях невыполнения Заемщиком своих обязательств;
4.5.6. Ақша айналымы туралы Қазақстан Республикасы заңының 8-бабында белгіленген мерзімде Қарыз алушының жазбаша өтінішін қарастыру және оған жауап дайындау;	4.5.6. рассмотреть и подготовить письменный ответ на письменное обращение Заемщика в сроки, установленные статьей 8 Закона Республики Казахстан об обращениях;
4.5.7. Банктің Шарт бойынша құқығы (талап ету құқығын) үшінші тұлғаға өтетін талаптар қамтылған Шарт жасалған кезде (бұдан кейін – Талап ету құқығын табыстау шарты), Қарыз алушыға (немесе оның уәкілетті өкіліне):	4.5.7. при заключении Договора, содержащего условия перехода права (требования) Банка по Договору третьему лицу (далее - Договор уступки права требования), уведомить Заемщика (или его уполномоченного представителя):
- талап ету құқығын табыстау шарты	- до заключения Договора уступки права

<p>жасалғанға дейін құқықтың (талап ету құқығының) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай табыстауға байланысты Клиенттің/Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы Шартта көзделген немесе Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен хабарлау;</p>	<p>требования о возможности перехода прав (требований) третьему лицу, а также об обработке персональных данных Клиента/Заемщика в связи с такой уступкой способом, предусмотренным в Договоре, либо не противоречащим законодательству Республики Казахстан;</p>
<p>- талап ету құқығын табыстау шарты жасалған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде үшінші тұлғаға (шарт бойынша құқық (талап ету құқығы) өткен тұлғаның атауы мен орналасқан орны) банктік қарызды өтеу бойынша бұдан кейінгі төлемдердің тағайындалуын, берілген құқықтың (талап ету құқығының) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, комиссияның, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімінен кешіктірілген және ағымдағы сомаларының және төленуге тиісті басқа сомалардың қалдығын көрсете отырып, үшінші тұлғаға құқықтың (талап ету құқығының) өткені туралы Шартта көзделген немесе Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен хабарлау;</p>	<p>- о состоявшемся переходе права (требования) третьему лицу способом, предусмотренным в Договоре либо не противоречащим законодательству Республики Казахстан, в течение тридцати календарных дней со дня заключения Договора уступки права требования с указанием назначения дальнейших платежей по погашению банковского займа третьему лицу (наименование и место нахождения лица, которому перешло право (требование) по Договору), полного объема переданных прав (требований), а также остатков просроченных и текущих сумм основного долга, вознаграждения, комиссий, неустойки (штрафа, пени) и других подлежащих уплате сумм;</p>
<p>4.5.8. Қарыз алушыға берешекті мерзімінен бұрын өтегіп алу жағдайлары мен себептері туралы хабарлау.</p>	<p>4.5.8. информировать Заемщика о фактах и причинах досрочного взыскания Банком сумм задолженности;</p>
<p>4.5.9. Қарызды мерзімінен бұрын өтеген кезде, қарызды нақты пайдаланған мерзім үшін есептелген сыйақыны қақта санау.</p>	<p>4.5.9. при досрочном погашении займа произвести перерасчет вознаграждения за фактический срок пользования займом.</p>
<p>4.6. Банктің құқықтары:</p>	<p>4.6. Банк в праве:</p>
<p>4.6.1. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 34-бабының 3-тармағында көзделген, сондай-ақ осы Шартта белгіленген жағдайларда, Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерту;</p>	<p>4.6.1. в одностороннем порядке изменять условия Договора присоединения в сторону их улучшения для Заемщика в случаях, предусмотренных пунктом 3 статьи 34 Закона Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан», а также в случаях, установленных настоящим Договором;</p>
<p>4.6.2. Қарыз алушы қарыздың кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақыны төлеу үшін белгіленген мерзімді бұзған кезде, қарыз сомасын және ол бойынша есептелген сыйақы сомасын мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету;</p>	<p>4.6.2. требовать досрочного возврата суммы займа и вознаграждения по нему при нарушении Заемщиком срока, установленного для возврата очередной части займа и (или) выплаты вознаграждения, более чем на сорок календарных дней;</p>
<p>4.6.3. Қарыз алушы осы Шартта көзделген комиссияларды, төлемдерді төлемеген кезде, көрсетілген комиссиялар, айыппұлдар және өзге тұрақсыздық айыптары сомасын Қарыз алушының Банкте ашылған кез келген</p>	<p>4.6.3. при неуплате Заёмщиком комиссий, штрафов и иных неустоек, предусмотренных Договором, списать (дебетовать) в беспорном (без дополнительного согласия и уведомления</p>

банктік шотынан даусыз (Қарыз алушының келісімінсіз және оған хабарламай) тәртіппен есептен шығару (дебеттеу);	Заёмщика) указанную сумму комиссий, штрафов и иных неустоек с любого банковского счёта Заёмщика, открытого в Банке;
4.6.4. төлемдер бойынша барлық бастапқы және басқа құжаттарды Қарыз алушының қарыз қаражатын мақсатына сай пайдалануына және оның қаржылық жағдайына қатысты тексеру;	4.6.4. проверять все первичные и иные документы по платежам, на предмет целевого использования заемных средств и финансового состояния Заемщика;
4.6.5. осы Шартқа қосылғаннан кейін және Банктің Уәкілетті органының қаржыландыру туралы мақұлдауын алғаннан кейін қарыз төмендегі негіздер бойынша әлі берілмеген болса, яғни:	4.6.5. отказать в выдаче займа, после присоединения к настоящему Договору и получению одобрения о финансировании Уполномоченным органом Банка, если заем фактически выдан не был, по следующим основаниям:
- Қарыз алушы жауапкер және/немесе жауапкер тарапынан өз бетінше талаптар қоймайтын үшінші тұлға ретінде сот процесіне тартылған болса;	- Заемщик вовлечен в судебный процесс в качестве ответчика и/или третьего лица, не заявляющего самостоятельные требования на стороне ответчика;
- Қарыз алушының мүлкіне және оның шоттарына тыйым салынса, және/немесе мүлкіне өндіріп алу қолданылса немесе осындай жағдайлардың пайда болу қаупі төнсе;	- на имущество Заемщика и его счета наложен арест и/или обращено взыскание на имущество либо существует реальная угроза наступления данных событий;
- Қарыз алушы өзінің Банк және/немесе үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерінің талаптарын бұзған болса және Қарыз алушының өз міндеттемелерін бұзғаны туралы Банкке хабарласа;	- Заемщик нарушил условия обязательств, имеющих у него перед Банком и/или третьими лицами, которые уведомили Банк о нарушении Заемщиком своих обязательств;
- Қарыз алушы осы Қосылу шарты бойынша Банк алдындағы өз міндеттемелерін бұзса;	- Заемщик нарушил свои обязательства перед Банком по настоящему Договору присоединения;
- Қарыз алушы қарызды қамсыздандыру (жағдайы) туралы шынайы емес мәліметтер берсе;	- Заемщик представил недостоверные сведения о наличии (состоянии) обеспечения займа;
- кепілдік қамсыздандыру жойылса/ жоғалса (кепілге ТМҚ қабылданған жағдайда);	- утраты/утери залогового обеспечения (в случае принятия в залог ТМЦ);
- уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес Банк жүргізетін мониторингтің қорытындысы бойынша анықталған Қарыз алушының қаржылық жағдайы нашарлағаны анықталса (оның ішінде түсімнің төмендеуі, алдыңғы қаржылық кезең бойынша алынған теріс операциялық және таза пайданың болуы, дебиторлық, кредиторлық берешектің, қорлардың айналымдылық мерзімдерінің өсуі, қаржылық левверидждің өсуі, сатылымдардың рентабельділігінің, өтімділік коэффициенттерінің күрт төмендеуі және т.б.);	- ухудшения финансового состояния Заемщика, выявленного по результатам мониторинга, проводимого Банком в соответствии с требованиями нормативного правового акта уполномоченного органа (в т.ч. снижение выручки, отрицательные операционная и чистая прибыль за предыдущие финансовые периоды, рост сроков оборачиваемости дебиторской, кредиторской задолженности, запасов, рост финансового леввереджа, резкое снижение рентабельности продаж, коэффициентов ликвидности и т.д.);
- Қарыз алушының Банктегі шоттарындағы	- снижения оборотов денег на счетах

ақша айналымдары қаржыландыру сомасынан кем сомаға төмендесе;	Заемщика в Банке менее суммы финансирования;
- соңғы 6 (алты) айда мерзімінен кешіктірілген төлемдер болса, берешекті өтеу мерзімі кейінге жылжытылса, негізгі борышты және/немесе сыйақыны өтеу бойынша төлем мерзімі ұзартылса;	- наличия за последние 6 месяцев просрочек по платежам, предоставления отсрочек по погашению задолженности, предоставления пролонгаций по погашению основного долга и/или вознаграждения;
- мониторинг жүргізу үшін Қарыз алушы қаржылық есептілікті бермесе немесе уақытылы бермесе;	- не предоставления либо не своевременного предоставления финансовой отчетности Заемщиком для проведения мониторинга;
- Қарыз алушының есеп айырысу шоттары бойынша картотека болса (инкассолық талаптар ұсыну);	- наличия картотеки по расчетным счетам Заемщика (выставление инкассовых требований);
- болашақ кезеңдерде келісімшарттар бойынша өндіріс көлемі азайса немесе болмаса, кәсіпорынның өндірістік қызметі болмаса немесе уақытша тоқтатылса, бизнес-жоспардан ауытқыса, Қарыз алушының қызмет бағыты ауысса;	- уменьшения либо отсутствия объемов по контрактам в будущих периодах, отсутствия или приостановления производственной деятельности предприятия, отклонения от бизнес-плана, смены направления деятельности Заемщика;
- бюджет алдында (салықтар және өзге міндетті алымдар бойынша) берешек болса;	- наличия задолженности перед бюджетом (по налогам и прочим обязательным сборам);
- кәсіпорынның қызметін жүзеге асыруға берілген мерзімі өткен немесе уақытша тоқтатылған лицензиялар болса;	- наличия просроченной или приостановленной лицензии на осуществление деятельности предприятия;
- құрылтайшылар ұзақ уақыт науқастанса/қаза болса/ауысса;	- длительной болезни/смерти/смены учредителей;
- құрылтайшылар мен басшылар арасында даулы жағдайлар болса, құқықтық мұрагерлікке және балансты бөлуге қатысты Қарыз алушы кәсіпорын қайта құрылса;	- наличия конфликтных ситуаций среди учредителей и руководства, реорганизации предприятия-Заемщика в части правопреемства и разделения баланса;
- Қарыз алушының қызметі саласындағы бағаларға мемлекеттік реттеу жүргізілсе;	- введения государственного регулирования цен в отрасли функционирования Заемщика;
- Қарыз алушының жылжымайтын мүлкін және Қарыз алушының жиынтық активтері мөлшерінің 10%-нан асатын көлемде басқа мүлкін сатса немесе меншігінен шығарса);	- продажи или выбытия недвижимости и другого имущества Заемщика в объеме, превышающем 10% от размера совокупных активов Заемщика;
- қолданыстағы заңнаманың Банктің осы Шартты тиісті дәрежеде орындауына әсер ететін талаптары өзгерсе;	- изменения требований действующего законодательства, влияющих на надлежащее исполнение Банком настоящего Договора;
- Банктің қаржылық резервтер құру көздері өзгерсе, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң шығарушы органдарының, Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шешімдеріне байланысты және Қазақстан Республикасында және Қазақстан Республикасынан тыс жерде ресурстар алудың жалпы талаптарының өзгеруіне байланысты Банктің ресурстарды құру	- изменения источников формирования финансовых резервов Банка, а также изменения условий формирования ресурсов, связанных с решением законодательных органов, Правительства Республики Казахстан, Национального Банка Республики Казахстан, и в связи с изменением общих условий получения Банком ресурсов как в Республике Казахстан, так и за пределами Республики

талаптары өзгерсе;	Казахстан;
- валюта бағамы күрт өзгерсе (девальвация/ревальвация, теңге бағамының құбылмалылығы, теңгенің деноминациялануы) және ҚР-да шетел валютасының айналымына шектеу қойылса;	- резкого изменения курса валют (девальвация/ревальвация, волатильность курса тенге, деноминация тенге) и ввод ограничений на оборот иностранной валюты в Республике Казахстан;
- сыртқы факторлар (қарыз/облигация сатып алу бойынша сыртқы кредиторлардың талап қоюы, тартылған синдикатталған және өзге қарыздар бойынша мөлшерлеменің артуы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесін, депозиттер бойынша мөлшерлемелерді, қор құру құнын көтеруі, пруденциялық нормативтер бойынша талаптарды күшейтуі) әсер етсе;	- влияния внешних факторов (предъявление требований внешними кредиторами по досрочной выплате по займам/выкупу облигаций, повышение ставок по привлекаемым синдицированным и прочим займам, повышение Национальным Банком Республики Казахстан ставки рефинансирования, ставок по депозитам, увеличение стоимости фондирования, ужесточение требований по пруденциальным нормативам);
- Банктің уәкілетті органының және/немесе скоринг жүйесінің басқа шешімдері болса, қарыз қаражатын беруден бас тарту.	- иные решения Скоринг-системы Банка/Уполномоченного органа Банка.
4.6.6. төмендегі жағдайларда, яғни: - Қарыз алушының төлем жасау қабілеті тұрақты нашарлаған және қарызды екі айдың ішінде өтеуге мүмкіндігі болмаған; - үшінші тараптың Қарыз алушының негізгі және айналымдағы қаражатының үштен бір бөлігін құрайтын сомадағы талап ету шағымы бойынша Қарыз алушы сот процесіне қатысқан; - Қарыз алушының банктік шоттарының кез келгеніне Қарыз алушы осы Шарттың аясында алған соманың үштен бір бөлігінен асатын сомаға үшінші тұлғалардың акцептісіз тәртіппен талап етуі (инкассолық талаптары) болған жағдайда, негізгі борыш сомасын және/немесе есептелген сыйақы сомасын төлеу мерзімдерін бұзудың және/немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес Қарыз алушыға берілген қарыздың күмәнді қарыздар санатына жатқызылуы салдарынан қарыз берешегі бойынша мерзімінен кешіктірілген төлем пайда болған кезде, мерзімді негізгі борыш бойынша сыйақы есептеуді біржақты тәртіппен тоқтату.	4.6.6. в одностороннем порядке приостановить начисление вознаграждения по срочному основному долгу при образовании просроченной ссудной задолженности по займу в результате нарушения сроков уплаты сумм основного долга и/или начисленного вознаграждения, и/или отнесения выданного Заемщику займа к категории сомнительных в соответствии с требованиями Национального Банка Республики Казахстан в случаях: - выявления устойчивой неплатежеспособности Заемщика и невозможности погашения долга в течение двух месяцев; - вовлечения Заемщика в судебный процесс в результате иска третьей стороны к Заемщику, составляющего более одной трети суммы основных и оборотных средств Заемщика; - наличия к любому из банковских счетов Заемщика беспорных требований (инкассовых требований) третьих лиц, на сумму более чем одна треть суммы полученной Заемщиком в рамках настоящего Договора;
4.6.7. 10 күннен асатын уақытқа есептелген мерзімінен кешіктірілген берешек пен өсімшұл сомасын төлеген жағдайда, мерзімінен кешіктірілген берешекті өтеу күнінен бастап Банк бекіткен мөлшерлеме бойынша осы қарыз бойынша сыйақы	4.6.7. в случае уплаты суммы просроченной задолженности и пени, начисленной не более чем за 10 дней, в одностороннем порядке принять решение о восстановлении начисления вознаграждения по данному займу, по ставке утвержденной Банком по

есептеуді қайта қалпына келтіру жөнінде біржақты тәртіппен шешім қабылдау.	настоящему Договору, начиная от даты погашения просроченной задолженности;
4.6.8. Қарызды және/немесе сыйақыны және/немесе тұрақсыздық айыбын өтеу қажет болған жағдайда, сондай-ақ мерзімінен кешіктірілген берешегі пайда болған кезде, Қарыз алушының Банкте ашылған кез келген банктік шоттарынан осы Шарттың 4.6.13-тармағында көзделген тәсілмен ақшаны даусыз (қосымша келісімінсіз және оған хабарламай) алып қою/есептен шығару және/немесе тікелей дебеттеу арқылы есептен шығару.	4.6.8. списать в бесспорном порядке (без дополнительного согласия и уведомления) путем изъятия/списания и/или прямого дебетования денег с любых банковских счетов Заемщика, открытых в Банке, в случае необходимости погашения займа и/или вознаграждения и/или неустойки, а также при образовании просроченной задолженности в случаях и на условиях, предусмотренных пунктом 4.6.13. настоящего Договора;
4.6.9. Шарт бойынша міндеттемелердің мерзімінен бұрын орындалуын талап ету немесе Қарыз алушының келісімінсіз Қарыз алушының Қазақстан Республикасы аумағындағы банктерде, сондай-ақ шетелдік банктерде ашқан кез келген шоттарындағы ақшадан берешек сомасына тең келетін соманы өндіріп алу, немесе қамсыздандыруға өндіріп алу қолдану, немесе өз қалауы бойынша қамсыздандыру міндеттемелерін үшінші тұлғалардың орындауын талап ету немесе үшінші тұлғалар жүзеге асыратын өндіріп алуға қосылу, сондай-ақ Қарыз алушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайларда, сондай-ақ:	4.6.9. потребовать досрочное исполнение обязательств по Договору либо без согласия Заемщика обратиться взыскание на деньги в сумме, равной сумме задолженности, имеющиеся на любых счетах Заемщика, открытых им как в банках Республики Казахстан, так и в иностранных банках, либо обратиться взыскание на обеспечение, либо требовать исполнения обеспечительных обязательств третьими лицами, либо присоединиться к взысканию, осуществляемому третьими лицами – по своему усмотрению, а также в одностороннем порядке расторгнуть настоящий Договор в случаях неисполнения, либо ненадлежащего исполнения Заемщиком своих обязательств по настоящему Договору, а также в случаях:
- Қарыз алушы ұсынған құжаттар бойынша қолтаңбалардың, мөрлердің және т.б. сәйкес келмеу/жасанды болу фактілері анықталған;	- выявления фактов несоответствия/подделки подписей, печатей и т.д. по документам, предоставленным Заемщиком;
- Қарыз алушының және/немесе Қарыз алушы басшылығының/құрылтайшыларының ҚР немесе басқа елдің заңнамасын бұзу фактілері анықталған, Қарыз алушының активтерін жоғалтуға, төлем жасау қабілеттілігін төмендетуге немесе Банк алдындағы өзінің міндеттемелерін тиісті үлгіде орындауына кері әсерін тигізетін сот талқылауына тартылған;	- выявления фактов нарушения Заемщиком и/или руководством/учредителями Заемщика законодательства РК или других стран, вовлечения Заемщика в судебные разбирательства, которые могут привести к потере активов, снижению платежеспособности или иным негативным образом отразиться на исполнении обязательств /Заемщика перед Банком;
- Дефолт/Кросс-Дефолт орнаған немесе ол орнайды деген нақты қауіп төнген;	- наступления Дефолта/Кросс-Дефолта, либо реальной угрозы его наступления;
- қайта ұйымдасудың, таратылудың, банкрот болудың және т.б. салдарынан қызметін тоқтатқан, заңдық мәртебесін өзгерткен жағдайда немесе сондай «қызметін тоқтату», таратылу, банкрот болу қауіпі төнген;	- прекращения деятельности, изменения юридического статуса вследствие реорганизации, ликвидации, банкротства и др., либо вероятности такого «прекращения деятельности», ликвидации, банкротства;

<p>- Қарыз алушыны төлем жасауға қабілетсіз деп тану қаупі төнген;</p>	<p>- угрозы признания Заемщика неплатежеспособным;</p>
<p>- банк қызметін реттейтін органдар тарапынан болған пруденциялық нормативтерді орындау қажет болған жағдайларда, осы Шартты біржақты тәртіппен бұзу.</p>	<p>- необходимости соблюдения пруденциальных нормативов со стороны органов, регулирующих банковскую деятельность.</p>
<p>4.6.10. Қарыз алушының Банкте ашылған барлық шоттарындағы қаражатының қозғалысына бақылау жасау.</p>	<p>4.6.10. контролировать движение средств Заемщика на всех банковских счетах Заемщика открытых в Банке;</p>
<p>4.6.11. Қарыз алушының келісімінсіз, бірақ кейін осы Шарттың талаптарына сәйкес тәртіппен хабарлай отырып, осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерінің барлығын немесе бір бөлігін үшінші тұлғаларға қайта табыстау.</p>	<p>4.6.11. переуступать все или часть прав требований и обязанностей по настоящему Договору третьим лицам без согласия Заемщика, с уведомлением Заемщика, в порядке согласно условий настоящего Договора;</p>
<p>4.6.12. Мерзімінен бұрын өтеу хабарлама алған кезде, қарызды мерзімінен бұрын өтеуден бас тарту.</p>	<p>4.6.12. отказать в досрочном погашении займа при получении уведомления о досрочном погашении</p>
<p>4.6.13. Қарыз алушы осы Шартта көзделген міндеттемелерін орындамаған/уақытылы орындамаған жағдайда, оған қоса Шарттың Төлем жасау кестесіне сәйкес төлем мерзімін бұзған жағдайда, Банк:</p> <p>4.6.13.1. Қарыз алушының:</p> <p>а) Банкте ашылған кез келген банктік шотынан Қолданыстағы заңнамаға сәйкес төлем ордерін және (немесе) басқа төлем құжаттарын пайдалана отырып, оларды тікелей дебеттеу арқылы;</p> <p>б) екінші деңгейдегі банктерде, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған кез келген банктік шотынан Қолданыстағы заңнамаға сәйкес төлемдік талаптың және (немесе) басқа төлем құжаттарының негізінде, сондай-ақ Қолданыстағы заңнаманың талаптарына қайшы келмейтін басқа тәсілдер арқылы ақшаны даусыз (Қарыз алушының қосымша келісімінсіз және оған хабарламай) алуға құқылы болады, ал Қарыз алушы осы Шартқа қол қоя отырып, оны растайды және соған келісім береді.</p>	<p>4.6.13. в случае невыполнения/ несвоевременного выполнения Заемщиком своих обязательств, предусмотренных настоящим Договором, в том числе нарушения сроков уплаты, согласно Графику платежей, к Заявлению о присоединении, Банк вправе, а Заемщик заключением Договора подтверждает и дает согласие на:</p> <p>4.6.13.1. изъятие Банком в бесспорном (без дополнительного согласия и уведомления) порядке денег с любых банковских счетов Заемщика, открытых в:</p> <p>а) Банке, путем их прямого дебетования, с использованием платежного требования и (или) иных платежных документов, в соответствии с Действующим законодательством;</p> <p>б) банках второго уровня, организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, на основании платежного требования и (или) иных платежных документов, в порядке, предусмотренном Действующим законодательством, а также иными способами, - не противоречащими требованиям Действующего законодательства.</p>
<p>Ақша қарыз валютасынан өзге валютада алынған жағдайда, егер Банк басқа бағамды белгілемеген болса, Банк ақша айырбасталатын күнге белгілеген бағам бойынша ақшаны даусыз, яғни Қарыз</p>	<p>Бесспорно, значит без дополнительного согласия Заемщика, производить конвертацию денег по курсу Банка на дату конвертации, если иной курс не будет установлен Банком, в случае изъятия денег в</p>

алушының қосымша келісімінсіз айырбастау. Валюта айырбастауға байланысты барлық шығыстар Қарыз алушының есебінен төленеді.	валюте, отличной от валюты займа. Все расходы, связанные с конвертацией валюты, оплачиваются за счет Заемщика.
4.6.13.2. Кепілге беру шарттарын және Банктің Қарыз алушыға қоятын талаптарын камсыздандыратын басқа Шарттарды орындау бойынша Банктің шаралар қабылдауына, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың талаптарына қайшы келмейтін басқа тәсілдерді қабылдауына келісім береді;	4.6.13.2. принятие Банком мер по исполнению Договоров залога и иных Договоров, обеспечивающих требования Банка к Заемщику, а также иными способами, не противоречащими требованиям действующего законодательства;
4.6.13.3. Банктің Қолданыстағы заңнамада және (немесе) осы Шартта көзделген кез келген шараларды қолдануына, оның ішінде осы Шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы арызбен сотқа шағымдануына келісім береді.	4.6.13.3. принятие Банком любых мер, предусмотренных действующим законодательством, и (или) настоящим Договором, в том числе обратиться с иском в суд о взыскании суммы долга по настоящему Договору.
Осы Шарт осы тармақта көрсетілген тәсілдер арқылы берешекті өтеу үшін жеткілікті негіз болып табылады.	Настоящий Договор является достаточным основанием для погашения задолженности, которое будет производиться способами, указанными в настоящем пункте.
4.6.14. Қарыз алушыға осы Шартты орындауға байланысты қосымша талаптар қою.	4.6.14. предъявлять дополнительные требования к Заемщику, связанные с исполнением настоящего Договора;
4.6.15. Қарыз бойынша мерзімінен кешіктірілген төлемдер анықталған жағдайда, бұл туралы Қарыз алушыға және/немесе үшінші тұлғаларға телефонограмма, автоматтандырылған телефония, SMS, факс немесе жазбаша хабарлама, оған қоса жұмыс орнына хабарлама жіберу және басқа тәсілдер арқылы хабарлау. Осы ретте Қарыз алушыға оның мерзімінен кешіктірілген берешегі туралы хабарлау банктік құпияны және заңмен қорғалатын басқа құпияны жария ету болып табылмайтынына және Қарыз алушы осы Шартқа қол қою арқылы Банктің осы тармақта көзделген іс-әрекетті жасауына келісім береді.	4.6.15. В случае выявления фактов просрочки платежей по займу, оповестить Заемщика и/или третьих лиц об этом посредством уведомления в виде телефонограммы, автоматизированной телефонии, всплывающим Push-уведомлением, SMS-сообщением, факсом или письменным уведомлением, и иными способами. При этом, Заемщик согласен, что извещение Заемщика о его просроченной задолженности не является раскрытием банковской тайны и иной охраняемой законом тайны и Заемщик подписанием настоящего Договора дает согласие Банку на совершение действий, предусмотренных настоящим пунктом.
4.7. Банктің төмендегі іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқығы жоқ (Банкке белгіленген шектеулер):	4.7. Банк не вправе (Ограничения для Банка):
4.7.1. Шарт жасалған күнгі қарызға қызмет көрсету бойынша белгіленген комиссиялар мен өзге төлемдердің мөлшері мен оларды есептеу тәртібін ұлғаю жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерту.	4.7.1. изменять в одностороннем порядке в сторону увеличения установленные на дату заключения Договора размеров и порядка расчета комиссий и иных платежей по обслуживанию займа
4.7.2. Жасалған Шарттың аясында комиссиялардың және өзге төлемдердің жаңа түрлерін біржақты тәртіппен енгізу.	4.7.2. вводить в одностороннем порядке новые виды комиссий и иных платежей в рамках заключенного Договора;
4.7.3. Сақтандыру ұйымын және (немесе)	4.7.3. ограничивать Заемщика в выборе

бағалаушыны таңдаған кезде Қарыз алушыны шектеу, сонымен қатар Қарыз алушыға өз өмірі мен денсаулығын сақтандару міндеттемелерін жүктеу.	страховой организации и (или) оценщика, а также возлагать на Заемщика обязанности страховать свою жизнь и здоровье;
4.7.4. Қарызды мерзімінен бұрын өтеу үшін тұрақсыздық айыбын немесе басқа айыппұл санкцияларын алу.	4.7.4. взимать неустойку или иные виды штрафных санкций за досрочное погашение займов;
4.7.5. негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келген жағдайда, сыйақы немесе негізгі борыш демалыс және мереке күнінен кейінгі жұмыс күні төленсе, тұрақсыздық айыбын немесе басқа айыппұл санкцияларының басқа түрлерін алу.	4.7.5. взимать неустойку или иные виды штрафных санкций, в случае если дата погашения основного долга или вознаграждения выпадает на выходной либо праздничный день, и уплата вознаграждения или основного долга производится в следующий за ним рабочий день;
<p>4.7.6. төмендегі жағдайларды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Банктің Шартта көзделген жаңадан қарыз беруді жүзеге асырмау құқығының туындауына негіз болатын; • Қарыз алушы Шарт бойынша Банктің алдындағы міндеттемелерін бұзған; • халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келетін Банктің ішкі кредит саясатына сәйкес Банк жүргізген мониторингтің нәтижесі бойынша анықталған Қарыз алушының қаржы жағдайы нашарлаған; • Қазақстан Республикасы заңнамасының Банктің Шарттың талаптарын тиісті дәрежеде орындауына әсер ететін талаптары өзгерген жағдайларды қоспағанда, жасалған шарттың аясында жаңадан қарыз беруді біржақты тәртіппен тоқтата тұру. 	<p>4.7.6. приостанавливать в одностороннем порядке выдачи новых займов в рамках заключенного Договора, за исключением случаев:</p> <ul style="list-style-type: none"> • предусмотренных Договором, при которых у Банка возникает право не осуществлять предоставление новых займов; • нарушения Заемщиком своих обязательств перед Банком по Договору; • ухудшения финансового состояния Заемщика, выявленного по результатам мониторинга, проводимого банком в соответствии с внутренней кредитной политикой Банка, соответствующей международным стандартам финансовой отчетности; • изменения требований законодательства Республики Казахстан, влияющих на надлежащее исполнение Банком Договора;
<p>4.7.7. Осы Шартта көзделген төмендегі жағдайларды, яғни:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Шартта көзделген жағдайларда Қарыз алушының қарыз алуға және қарыз бойынша қызмет көрсетуге байланысты шынайы ақпарат беру жөнінде өз міндеттемелерін бұзуын; • 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Жалпы бөлім) және Кодексте (Ерекше бөлім) көзделген жағдайларда банкте міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығының туындауын, сонымен қатар шартта көзделген келесі жағдайларда: • Банкке алдын ала жазбаша хабарламай, акционерлік қоғамның 	<p>4.7.7. изменять в одностороннем порядке в сторону увеличения установленных на дату заключения Договора с Заемщиком юридическим лицом ставок вознаграждения, за исключением случаев:</p> <ul style="list-style-type: none"> • нарушения Заемщиком своих обязательств по предоставлению достоверной информации, связанной с получением и обслуживанием займа, в случаях, предусмотренных Договором; • возникновения у Банка права требования досрочного исполнения обязательства в случаях, предусмотренных Гражданским кодексом Республики Казахстан (Общая часть) от 27 декабря 1994 года и Кодексом (Особенная часть), а также в следующих случаях, предусмотренных

<p>(шаруашылық серіктестіктің) акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын бірігіп иеленетін Қарыз алушының қатысушылары (акционерлерінің) құрамының өзгеруін;</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қарыз алушының және (немесе) Кепіл берушінің кепіл ұстаушы болып табылатын Банктің кепілдегі мүліктің нақты болуын, көлемін, жай-күйін және оны сақтау талаптарын құжаттар бойынша және іс жүзінде тексеру құқығын бұзуын, сондай-ақ Қарыз алушының (кепіл берушінің) мүлкіне, оның ішінде Банкке кепілге берілген мүлікке үшінші тұлғалардың талап қоюын қоспағанда, осы Шарт жасалған күні белгіленген сыйақы мөлшерлемесін ұлғайту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерту. 	<p>Договором:</p> <ul style="list-style-type: none"> • изменения состава участников (акционеров) Заемщика, в совокупности владеющих десятью и более процентами акций (долей участия) акционерного общества (хозяйственного товарищества), без предварительного письменного уведомления Банка; • нарушения Заемщиком и (или) залогодателем права Банка, являющегося залогодержателем, проверять по документам и фактически наличие, размер, состояние и условия хранения заложенного имущества, а также предъявления третьими лицами требований к имуществу Заемщика (залогодателя), в том числе имуществу, заложенному Банку.
<p>Қарыз алушыға осы Келісімде көрсетілген заңды мекенжай бойынша хабарлама жіберілген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн өткеннен кейін жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша сыйақы мөлшерлемесі өзгертіледі.</p>	<p>Изменение ставки вознаграждения по вышеуказанным основаниям, будет производиться по истечении 10 (десяти) календарных дней со дня направления Заёмщику уведомления по юридическому адресу, указанному в Заявлении о присоединении.</p>
<p>Мұндай жағдайда, Банк көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейінгі 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Қарыз алушыға немесе оның заңды/уәкілетті өкіліне Қосылу туралы өтінішке жасалған Қосымша келісімді және жаңа Төлем жасау кестесін жібереді.</p>	<p>В этом случае, Банк в течение 5 (пяти) календарных дней после указанного срока, направляет Заёмщику либо его законному / уполномоченному представителю Дополнительное соглашение к Заявлению о присоединении и новый График платежей.</p>
<p>Соңынан жасалған Төлем жасау кестесі басым күшке ие болады.</p>	<p>График платежей, датированный более поздним числом, имеет преимущественную силу.</p>
<p style="text-align: center;">5. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР</p>	<p style="text-align: center;">5. ИНЫЕ УСЛОВИЯ</p>
<p>5.1. Қарыз алушы осы Шарттың барлық талаптары мен сол талаптарды орындамау салдары өзіне белгілі екенін растайды. Қарыз алушы өзінің осы Шартты жасағанға дейін «Банк ЦентрКредит» АҚ-та операциялар жүргізудің жалпы талаптарымен туралы ережемен танысқанын растайды.</p>	<p>5.1. Заемщик подтверждает, что все условия и последствия невыполнения условий настоящего Договора присоединения ему известны. Подтверждает, что до заключения настоящего Договора Заемщик был ознакомлен с Правилами об общих условиях проведения операций в АО «Банк ЦентрКредит».</p>
<p>5.2. Қаржылық жай-күйіне мониторинг жүргізу үшін Қарыз алушы Банкке өзінің және әрбір үлестес компаниясы бойынша шынайы қаржылық есептілігін, оның ішінде шоғырландырылған есептілігін, жылдық қаржылық есептілігін қоса ұсынады, сондай-ақ осы Шарттың талаптарына сәйкес Қарызды мақсатына сай пайдаланғанын растайтын, жобаны іске асыру барысын</p>	<p>5.2. Для проведения мониторинга финансового состояния Заемщик предоставляет Банку достоверную финансовую отчетность, в том числе по каждой аффилированной компании, включая консолидированную отчетность, годовую финансовую отчетность, а также предоставляет информацию, подтверждающую целевое использование</p>

растайтын ақпаратты ұсынады.	займа, ход реализации проекта, в соответствии с условиями настоящего Договора.
5.3. Кредиттік бюроның деректер базасына Банктің Қарыз алушы, жасалатын мәміле туралы мәліметтерді, Қарыз алушы мен Банктің осы Шарттың аясында өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты беруіне, кредиттік бюролардан кредиттік есептерді шығарып беруге, сонымен қатар кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамаға сәйкес ұсынылуы қажет болуы мүмкін Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты және басқа да мәліметтерді беруге Қарыз алушының жазбаша келісімі болған жағдайда ғана Банк қарыз береді.	5.3. Банк предоставляет заем при наличии письменного согласия Заемщика на предоставление Банком в базу данных кредитных бюро сведений о Заемщике, заключаемой сделке, информации, связанной с исполнением Заемщиком и Банком своих обязательств по настоящему Договору, выдачу кредитных отчетов из кредитных бюро, а также информации, связанной с исполнением Сторонами своих обязательств и иных сведений, предоставление которых может потребоваться в соответствии с законодательством о кредитных бюро и формировании кредитных историй.
5.4. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерді орындауына байланысты Қарыз алушы осы Шарттың деректемелерінде көрсетілген Банктің пошталық немесе электрондық мекенжайы бойынша өтініш жасауға құқылы. Банктің ресми Интернет-ресурсы: www.bcc.kz .	5.4. По вопросам, связанным с исполнением обязательств Сторон по Договору, Заемщик вправе обратиться по почтовому или электронному адресу Банка, указанным в реквизитах настоящего Договора. Официальный Интернет-ресурс Банка: www.bcc.kz .
5.5. Осы Шартты орындау барысында Тараптар осы Шартта көзделген талаптармен қатар Қолданыстағы заңнаманың нормаларын да басшылыққа алады.	5.5. Наряду с условиями, предусмотренными настоящим Договором, при его исполнении Стороны руководствуются нормами действующего законодательства.
5.6. Қарыз Қарыз алушының өтініші мен мерзімді міндеттемелерінің негізінде беріледі, оның әрқайсысы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.	5.6. Заем предоставляется на основании заявления Заемщика о присоединении к настоящему Стандартным условиям, которое будет являться неотъемлемой частью настоящего Договора.
5.7. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін үшінші тұлғаның орындауына рұқсат етіледі.	5.7. Допускается исполнение обязательств Заемщика по Договору третьим лицом.
5.8. Ерекше жағдайларда, ұзағырақ мерзімге кредиттеу қажет болған кезде, өтелмеген қарыз сомасын Қарыз алушының негізді өтініші бойынша Банктің қолданыстағы Кредиттік саясатында көзделген тәртіппен мақсатты қыскамерзімді қарыз ретінде қайта ресімдеуге болады.	5.8. В исключительных случаях, при необходимости более длительного кредитования, сумма непогашенного займа по обоснованному ходатайству Заемщика может быть реоформлена в целевой краткосрочный заем в порядке, предусмотренном действующей Кредитной политикой Банка.
5.9. Тараптар арасында осы Шарт бойынша және/немесе соған байланысты туындауы мүмкін барлық даулы мәселелер мен келіспеушіліктер Тараптар арасында келіссөз жүргізу арқылы шешіледі. Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды	5.9. Все споры и разногласия, возникающие между Сторонами по настоящему Договору и/или в связи с ним, разрешаются путем переговоров между Сторонами. В случае невозможности разрешения разногласий путем переговоров

<p>есептемегенде, келіспеушіліктерді келіссөз арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Банк немесе оның осы Шартты жасасқан филиалы орналасқан/тіркелген жердегі сотта қаралады.</p>	<p>они могут быть рассмотрены в суде по месту нахождения/регистрации Банка или его филиала, заключившего настоящий Договор, за исключением случаев, предусмотренных действующим законодательством.</p>
<p>5.10. Тараптар осы Қосылу шартының аясында талап етілген немесе Тараптар үшін әзірленген кез келген құжат, хабарламалар, шағымдар немесе сұраныстар жазбаша түрде немесе SMS-хабарламалар мен басқа электронды хабарлар сияқты электронды байланыс арналары арқылы жөнелтілетініне келіседі. Осы құжаттар мен хат-хабарламаларды Тараптар пошта, телеграмма, тікелей курьерлік байланыс арқылы жөнелткен жағдайда, олар тиісті үлгіде жөнелтілген деп қарастырылады. Көрсетілген барлық құжаттар мен хат-хабарламалар мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде жасалуы тиіс және кез келген хабарламалар, шағымдар немесе басқа хабарлар:</p>	<p>5.10. Стороны согласились, что любой документ, уведомление, претензия или запрос, требуемые или составленные для Сторон в рамках настоящего Договора присоединения, будут направляться в письменном виде, либо по электронным каналам связи, таким как SMS-оповещение, социальные мессенджеры и иные электронные уведомления. Такие документы и корреспонденция, рассматриваются как должным образом направленные, когда они отправлены Сторонам по почте, телеграммой, посредством курьерской связи. Все указанные документы и корреспонденция должны быть выполнены на государственном и/или русском на языке, любое уведомление, претензия или иное сообщение считаются полученными:</p>
<p>- қолма-қол (курьер) жөнелтілген кезде – құжатты алған күні сәйкес белгі болғанда;</p>	<p>- при отправке нарочным (курьером) – в день получения с соответствующей отметкой;</p>
<p>- тапсырыс хатпен жөнелтілген кезде – құжатты жібергеннен кейінгі 3 (үшінші) күні (жөнелтілген кезде пошта ұйымы берген құжаттың күні бойынша);</p>	<p>- при отправке заказным письмом – на 3 (третий) день после отправки (по дате документа, выданного почтовой организацией при отправке);</p>
<p>- телекс (факсимильді) байланысы арқылы жөнелтілген кезде, сол күні құжаттың сәтті жөнелтілгені расталған кезде;</p>	<p>- при отправке посредством телексной (факсимильной) связи, в тот же день при условии подтверждения успешной отправки документа;</p>
<p>- электрондық пошта арқылы жөнелткен кезде – хабар жіберілген күні қабылданған деп есептеледі.</p>	<p>- посредством электронной почты – в день отправки сообщения.</p>
<p>5.11. Тараптар Банктің Қарыз алушыға кезекті төлем жасау күніне дейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Шартта көзделген тәсілдермен кезекті төлем жасау күні туралы хабарлауға құқылы екеніне келіседі.</p>	<p>5.11. Стороны согласились, что Банк вправе направлять Заемщику уведомления о дате очередных платежей по Договору в течении 3 (трех) рабочих дней до даты очередных платежей, способами, предусмотренными Договором.</p>
<p>5.12. Қарыз алушы осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Банктің пайымдауы бойынша Қарыз алушыға қатысы бар үшінші тұлғаларға міндеттеменің орындалмағаны туралы хабарлауға, сондай-ақ Қарыз алушыға хабарлау үшін үшінші тұлғаларға ақпаратты тапсыруға құқылы. Осы</p>	<p>5.12. В случае неисполнения Заемщиком обязательств по настоящему Договору, Банк вправе уведомлять о невыполнении обязательств третьих лиц, имеющих, по мнению Банка, отношение к Заемщику, а также передавать информацию третьим лицам для уведомления Заемщика. При</p>

<p>ретте Қарыз алушы осы Шартқа қол қоюына байланысты бұндай іс-әрекеттерге рұқсат берген болып есептеледі және бұл банктік құпияны жария ету болып табылмайды.</p>	<p>этом такие действия будут считаться разрешенными Заемщиком, в силу подписания им настоящего Договора, и не будут являться раскрытием банковской тайны.</p>
<p>5.13. Қарыз алушы осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда, Банк осы Шарт бойынша берешек сомасын өндіріп алу/қайтару мақсатында, оның ішінде осы Шарттың 4.6.11-тармағына сәйкес талап ету құқықтарын қайта табыстаған жағдайда, берешекті қайтару бойынша қызметтер, сонымен қатар соттарда және мемлекеттік органдарда банктің мүддесін таныту бойынша қызметтер көрсететін үшінші тұлғаларға ақпаратты тапсыруға құқылы, ал Қарыз алушы осы Шартқа қол қою арқылы өзінің жазбаша келісімін береді. Осы ретте мұндай іс-әрекеттерге Қарыз алушының осы Шартқа қол қоюына байланысты оның тарапынан рұқсат берілген болып есептеледі және банктік құпияны жария ету болып саналмайды.</p>	<p>5.13. В случае неисполнения и/или ненадлежащего исполнения Заемщиком обязательств по настоящему Договору, Банк вправе, а Заемщик подписанием настоящего Договора дает свое письменное согласие Банку передавать информацию третьим лицам, предоставляющим услуги по возврату задолженности, а также услуги по представлению интересов Банка в судах и государственных органах в целях взыскания/возврата суммы задолженности по настоящему Договору, в том числе при переуступке прав требований в соответствии с пунктом 4.6.11. настоящего Договора. При этом такие действия будут считаться разрешенными Заемщиком, в силу подписания им настоящего Договора, и не будут являться раскрытием банковской тайны.</p>
<p>5.14. Табиғи апаттардың (су тасқыны, жер сілкінісі, індет), әскери қақтығыстардың, әскери көтерілістердің, лаңкестік актілердің, азаматтық толқулардың, ереуілдердің, мемлекеттік органдар тарапынан жасалған ұйғарымдардың, бұйрықтардың немесе басқа әкімшілік араласулардың немесе қаулылардың не Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына әсер ететін Тараптардың саналы бақылауынан тыс болатын басқа жағдайлардың тура немесе жанама әсерінен туындаған дүлей күшті жағдайлар орнаған жағдайда, Тараптар осы Шартты орындамағаны және/немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.</p>	<p>5.14. Стороны освобождаются от ответственности за неисполнение и/или ненадлежащее исполнение настоящего Договора в случае наступления обстоятельств непреодолимой силы, вызванных прямо или косвенно проявлением стихийных бедствий (наводнения, землетрясения, эпидемии), военных конфликтов, военных переворотов, террористических актов, гражданских волнений, забастовок, предписаний, приказов, постановлений или иного административного вмешательства со стороны государственных органов, оказывающих влияние на выполнение обязательств Сторонами по настоящему Договору, или иных обстоятельств вне разумного контроля Сторон.</p>
<p>5.15. Қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен осы Шарттың бір немесе бірнеше тармағын жарамсыз деп тану тұтас Шартты жарамсыз деп тануға негіз болмайды.</p>	<p>5.15. Признание в установленном законодательством порядке одного либо нескольких пунктов настоящего Договора недействительными, не влечет признания недействительным всего Договора.</p>
<p>5.16. Банк Шарт бойынша үшінші тұлғаға құқығын (талабын) табыстаған кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасы арқылы шарттың аясында кредитордың қарыз алушымен өзара қарым-қатынасына</p>	<p>5.16. При уступке Банком права (требования) по Договору третьему лицу требования и ограничения, предъявляемые законодательством Республики Казахстан к взаимоотношениям кредитора с Заемщиком</p>

<p>қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқық (талап ету) табысталған үшінші тұлғамен құқықтық қатынасына қатысты болады.</p>	<p>в рамках Договора, распространяются на правоотношения Заемщика с третьим лицом, которому уступлено право (требование).</p>
<p>5.17. Тараптар осы арқылы Банктің Қарыз алушыға жолдайтын кез келген хабарламасы келесі әдіспен жіберілетін болса, мұндай хабарламалар жазбаша түрде ресімделген және Қарыз алушы тарапынан алынған болып есептелетініне келіседі және оны растайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ақпаратты Банктің www.bcc.kz интернет ресурсында, басқа бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты орналастыру; • Ақпаратты Банктің банкоматтарына, ақпараттық төлем терминалдарына орналастыру; • Қашықтағы банкинг жүйесі арқылы Қарыз алушыға хабарлау; <p>Қарыз алушыға қызмет көрсететін филиалдарда, қосымша офистерде және Банктің басқа да құрылымдық бөлімшелерінде стендтерде хабарландыруларды орналастыру;</p> <ul style="list-style-type: none"> • Осы Шарттың және Өтініштің талаптарын орындау аясында Қарыз алушы көрсеткен мекенжайларға / телефондарға пошта жөнелтілімдері, электронды пошта, SMS-хабарламалар арқылы, әлеуметтік месенджерлер немесе басқа да заңды әдістермен ақпараттық хабарламалар, хабарландыру жолдау арқылы. 	<p>5.17. Стороны настоящим соглашаются и подтверждают, что любые уведомления от Банка Заемщику считаются оформленными в письменном виде и полученными Заемщиком, когда такие уведомления направляются Банком Заемщику одним из следующих способов:</p> <ul style="list-style-type: none"> • размещение информации на Интернет-ресурсе Банка www.bcc.kz, иных средствах массовой информации; • размещение информации на банкоматах, информационно-платежных терминалах Банка; • оповещением Заемщика через Систему дистанционного банкинга; • размещением объявлений на стендах в Филиалах, дополнительных офисах и других структурных подразделениях Банка, осуществляющих обслуживание Заемщика; • отправлением информационного сообщения, уведомлений в рамках исполнения условий настоящего Договора и Заявления посредством почтовых отправлений, по электронной почте, SMS-сообщений на адреса/номера телефонов, указанные Заемщиком, посредством социальных мессенджеров, либо иным, законным образом.
<p>5.18. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде, заңдық күші тең данада жасалған.</p>	<p>5.18. Настоящий Договор составлен на государственном и русском языках, каждый из которых имеет одинаковую юридическую силу.</p>
<p>5.19. Қарыз алушы Банкке хабарламаларды келесі тәсілдердің бірімен жолдаған кезде Тараптар осы арқылы Қарыз алушының атынан Банкке келіп түскен кез келген хабарламаның жазбаша түрде ресімделгеніне және олардың Банктің алғанына келіседі және оны растайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • алғаны туралы қол қойғызып, Банктің уәкілетті жұмыскеріне беру; • курьерлік қызмет немесе пошта қызметі арқылы; 	<p>5.19. Стороны настоящим соглашаются и подтверждают, что любые уведомления от Заемщика Банку считаются оформленными в письменном виде и полученными Банком, когда такие уведомления направляются Заемщику Банку одним из следующих способов:</p> <ul style="list-style-type: none"> • вручением уполномоченному работнику Банка под подпись о получении; • через курьерскую службу или почтовую службу;

<ul style="list-style-type: none"> • Қосылу туралы өтініште / заңнамада сонымен қатар Қарыз алушының Банкке басқа әдістермен / мерзімде хабарламаларды беруі көзделген. 	<ul style="list-style-type: none"> • Заявлением присоединения/ Законодательством могут быть также предусмотрены другие способы/сроки уведомления Заемщиком Банка;
6. ҚОРЫТЫНДЫ ҚАҒИДА	6. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ
<p>6.1. Банк Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Бұл өзгерістер мен толықтыруларда басқаша көзделмесе, олар www.bcc.kz мекенжайындағы интернет-ресурста жарияланған күннен бастап күшіне енеді және олар күшіне енгеннен кейін Қарыз алушы Банкке ұсынған Қосылу туралы өтінішке қатысты қолданылады. Шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулар күшіне енгенге дейін осындай өзгерістер мен толықтырулар Банк пен Қарыз алушы арасында Қосылу туралы өтінішке енгізілетін толықтырулар мен өзгерістер жасалған жағдайда қолданылады.</p>	<p>6.1. Банк вправе вносить изменения и дополнения в Договор, которые вводятся в действие со дня их опубликования на интернет-ресурсе по адресу: www.bcc.kz, если в них не будет предусмотрено иное, и применяются к Заявлениям о присоединении, предоставленным Заемщиком Банку после введения их в действие. До введения в действие изменений и дополнений в Договор, такие изменения и дополнения применяются в случае заключения между Банком и заемщиками Дополнений и изменений в Заявление о присоединении.</p>
<p>6.2. Қарыз алушының Банк белгілеген нысан бойынша Өтінішке толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы өтінім беруі жолымен Тараптар Қосылу шартының талаптарына өзгерістер енгізе алады. Мұндай өзгерістер нақты Қосылу туралы өтініштегі Тараптардың қарым-қатынастарына қолданылатын болады.</p>	<p>6.2. Стороны могут вносить изменения в условия Договора присоединения путём подачи Заемщиком Дополнений и изменений в Заявление по установленной Банком форме. Такие изменения будут применяться к отношениям Сторон из данного конкретного Заявления о присоединении.</p>
<p>6.3. Қарыз мерзімінен бұрын толық өтелген күннен бастап, сондай-ақ Қарыз алушының Банк алдында Шартта көзделген басқа орындалмаған міндеттемелері болмаған кезде, Қарыз алушының міндеттемелерінің күші мерзімінен бұрын тоқтатылған болып есептеледі.</p>	<p>6.3. Обязательства Заемщика будут считаться досрочно прекратившими своё действие с даты полного досрочного погашения займа и при отсутствии со стороны Заёмщика иных неисполненных обязательств перед Банком, предусмотренных Договором.</p>
<p>6.4. Шарттың аясында жасалған Шарттар және оның барлық қосымшалары жазбаша нысанда жасалған, оларға Тараптар қол қойған және олардың мөрлерімен (болған кезде) куәландырылған болса, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.</p>	<p>6.4. Договоры, заключённые в рамках Договора, и все приложения к нему являются его неотъемлемыми частями, если они составлены в письменной форме, подписаны Сторонами и заверены их печатями (при наличии).</p>
<p>6.5. Шарт, Қосылу туралы өтініш және оның барлық қосымшалары және Қамсыздандыру туралы шарттар мен Кредит белгілеу туралы келісімдер бірыңғай құқықтық құрал болып табылады және олардың әрқайсысы өзара бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады.</p>	<p>6.5. Договор, Заявление о присоединении и все приложения к нему и Договоры об обеспечении и Соглашения об установлении кредита представляют собой единый правовой инструмент и взаимно каждое из них является неотъемлемой частью друг друга.</p>
<p>6.6. Тараптардың заңдық мекенжайлары, деректемелері мен қолтаңбалары Қосылу туралы өтініште көрсетіледі.</p>	<p>6.6. Юридические адреса, реквизиты и подписи Сторон указываются в Заявлении о присоединении.</p>